



**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛИГІ**

**НАУАИ ОБЛЫСТЫҚ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ
ҚАЙТА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛІМІН
ЖЕТІЛДІРУ ИНСТИТУТЫ**

**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ
БІЛІМ БЕРУ» КАФЕДРАСЫ**

**4 – СЫНЫП «ОҚУ КІТАБЫ»
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ОҚУ – ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАНБА**



Науаи - 2014

Құрастырушы:

кафедра оқытушысы П. ДЖураева

Аталмыш оқу- әдістемелік қолданба жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып оқытушыларына методик көмек ретінде ұсынылуда. 4 – сынып «Оқу кітабы»на оқу – әдістемелік қолданба түрінде ұсынылып жатқан материалдардан сабақ үдерістері және сыныптан тыс шаралар мен кештерді өткізу бойынша қосымша материал ретінде кеңінен пайдануыңыз мүмкін.

Оқу- әдістемелік қолданба Науаи облыстық педагог кадрларды қайта дайындау және олардың білімін жетілдіру институтының 2014 жыл июнь айының 30 санды Ғылыми Кеңесінде бекітілген.



Мазмұны

Кіріспе сөз	5 - 9
1 – бөлім: Дәулетті елім – сәулетті елім	10 - 23
2 – бөлім. Таңғажайып алтын күз.....	24 - 25
3 – бөлім. Туған жер аясында.....	26 - 27
4 – бөлім. Еңбек түбі – береке	28 - 30
5 – бөлім. Әлемге мәшһүр бабалар.....	30 - 34
6 – бөлім. Халық ауыз әдебиеті	35 – 44
7 – бөлім. Қызыққа толы қыс айы.....	45 - 49
8 – бөлім. Ерте, ерте, ертеде	49 – 58
9 - бөлім. Әдеп пен әдемілік.....	59 – 64
10 – бөлім. Өткен күндер.....	64 – 75
11 – бөлім. Кәсіптің бәрі жақсы.....	76
12 - бөлім. Ұлылардан ұлағат.....	77
13 - бөлім. Күлімде, күн, күлімде.....	77 -95
14 – бөлім. Әзіліміз жарасса.....	95 - 100
15 – бөлім. Табиғат – анамыз.....	101 - 102
16 - бөлім. Жаз жайнатып	103 - 107
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	109

Кіріспе сөз

Жастарға егеменді еліміздің қол жеткізген табыстары мен жетістіктерінің әр саладағы даму жолын түсіндіру мен оларды ертеңгі күніміздің сенімін ақтаудағы орнын көрсету, білім жолындағы ізгі машаққаттар, олардың өмірдегі алар орны мен бағыттарын саналы түрде ұғынуларына жағдай туғызу мен егеменділігіміздің 23 жылдығын **«Жалғызсың, қасиетті Отаным, сүйіспеншілігім мен адалдығымды саған арнаймын, көрікті Өзбекстаным!»** атты идеямен үйлестіру арқылы кіші мектеп жасындағы балаларға білім нәрінің соғұрлым қажеттілік тұстарын ұқтыру мақсатында оқу қолданбаларынан тыс қосымша нұсқау мен әдістемелік қолданбалармен де жақыннан таныстыру білім деңгейлерінің сапасын одан әрі арттыруда үлкен ықпал етері сөзсіз.

Шаттық нұрға көмкерілген елімнің,
Тәуелсіздік – бақыт, шаттық, ырысы.
Тамылжыған көркем Ана – Жерімнің,
Күннен – күнге кеңеюде тынысы.

Бүгінгі күнде егеменділіктің басты шарапаты арқасында жастарға мемлекетіміз тарапынан жаратылған қамқорлықтардың қадіріне дер кезінде жетуі мен оны объектив бағалай алуы, дербестіктің жемісі қаншалықты ұлы істерге бастама болғандығын атап айтқан жөн. Мұндай көзқарасты бала ұғымында қалыптастыруда ең алдымен егеменділіктің қажеттігі қай дәрежеде мазмұн мен мағынаға ие екендігіне назар аударулары керектігін ұқтыруымыз тиіс. Сондықтан да ең алдымен тәуелсіздік, жалпы адамдық дәстүрлер, әділеттілік, ұлттық дәстүрлер, егеменді мемлекет, мүліктік егеменділік, Отан, Отан сезімі, отансүйгіштік, Отанға махаббат, ұлттық сана мен өзін - өзі аңғару, ұлттық намыс, әдет – ғұрыптар мен салт – дәстүрлер, руханият, ұлттық идея сияқты бірқатар негізгі түсініктердің мазмұнын бала санасына жеткізе алуымыз заман талабы болуда.

Тәуелсіздіктің 23 жылдығы бүкіл халқымыз, күн сәулелі республикамызда жасап, еңбек етіп жатқан әрбір азаматтың ұлы мейрамы. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді халқымыз. Рухани бай, иманы кәміл, жаны, тәні таза ұрпақ қана өмір салтын салауатты қалыптастыруға, тиісінше атсалысуға, сол аса маңызды ізгі мұратқа жетуге ұмтылыс болады. Осы орайда елбасымыздың «Отанымыздың болашағы, халқымыздың ертеңгі күні, мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтағы абырой – беделі ең алдымен перзенттеріміздің өсіп - өнуіне байланысты. Біз бұндай бұлтартпас

шындықты ешқашан ұмытпауымыз керек» деген сөздерінің мағынасына терең үңіліп, соған сай өз педагогтық іс - әрекеттерімізде жаңашылдықпен жанасуымыз тиіс.

Бүгінгі күрделі жаһандану кезеңінде руханият саласында туындап жатқан көкейкесті ділгірліктер, халық руханиятын сақтау мен дамыту, әсіресе жас ұрпақтың жүрегі мен санасын алуан түрлі жат идеялар мен идеологиялардың ықпалынан қорғау мәселелеріне айрықша назар аударуға үйрететін тәлімдік – тәрбиелік бағыттар беруге әркез де мұғалім әзір болуға тиіс.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі ұлттық руханиятымызды қайта қалпына келтіру, оны заман талаптары негізінде өркендету бойынша жүзеге асырылып жатқан қомақты істер, бұл салада алдымызда тұрған мақсаттар мен міндеттер жөнінде жан – жақты пікірлерді бала ұғымына сай етіп өмірмен ұштастыра отырып түсініктемелер беруге тиіспіз.

Егеменді еліміздің ертеңі – жастардың қолында. Солай екен, жастар еліміздің үміті мен сенімін ақтап, келешекте тандаған мамандығы, өнерімен мемлекетіміздің айдын келешегі үшін үлес қосып, Отанымыз алдындағы жауапкершілігін ешқашан да ұмытпауы керек.

Президентіміз Ислам Каримов айтқанындай, перзенттеріміз бізден де күшті, ақылды және бақытты болуы тиіс. Мемлекетіміз басшысының бастамасымен дайындалған «Білім туралы Заң», «Кадрлар дайындау ұлттық Бағдарламасы», «Мектеп білімін өркендету» мемлекеттік жалпы ұлттық бағдарламаның өмірге енуі білім сапасы мен мән – мазмұнын түбегейлі жақсарту мүмкіндігін берді.

Отанымыздың тағдыры мен оның келешегін еркін де абат етуімізде ең басты міндет пен борышымыз.

Президентіміз Ислам Каримов айтқандай «Қазіргі ең маңызды, ең кінталапты міндетіміз қоғам мүшелерін, ең алдымен, жас ұрпақты кемелдендіру, олардың көңіліне ұлттық идея, өз Отанына мейір – шапағат сезімін ұялату, өздігін тану, ұлттық және жалпы әлемдік дәстүрлер рухында тәрбиелеуден тұрады. Түрлі пікірлер мен қарастарды бірлестіретін бір ғана сал – бұл ұлттық идея мен ұлттық идеология».

Қаймағы бұзылмаған, құт – береке дарыған дастархандай ғазиз әрі қасиетті Өзбекстан талай тар жол, тайғақ кешуден сүрінбей өтіп, Тәуелсіздік белдігін қынап, көлденең көзді тамсандыратындай көрікке еніп, әлем биігінде құлашын кеңінен жайып, самғай түсуде. Тіпті кең жоталары мен қырқа – белдері, өрісі мен жайлауы, көгілдір көлдері мен ну орманы, лағыл тастары мен құм – шөлейттері де ұлы дүбірді, қуанышты сезінгендей өзгеше түске енуде. Қаз – қатар тізілген ағаштар көшелерге сән беріп, атырапты

ажарландыруда. Мұндай таңғажайып әрі тамаша өлкені он сегіз мың ғаламды шарлап, дүниені түгел кезсең де таба алмайсың. Міне, сондай бақшасында әсем әуенді бұлбұлы сайраған, әр таңда шаттық тойын тойлаған.

Үздіксіз тәлім тізімінде жастардың рухани тұрғыдан кемелденуінде қол жеткізген егеменділігіміздің тұғырын нығайтуда оларды отансүйгіштік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, мейір – шапағат, ождан, борыш, әділет сияқты жоғары дәрежелі қасиеттермен сусындату әрбір педагогтың басты міндеті саналмақ. Осы тұста 1 – 4 – сыныптарда оқытылатын «Оқу кітабы», «Қазақ тілі» мен «Әдеп» сабақтары арқылы оқушылар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде үйренген білім мен дағдыларын жетілдіреді; өз ұлты мен түрлі ұлттың тарихи шежіресі мен әдет – ғұрыптарын, үрдістерін үйренеді; бастапқы діни түсініктерді меңгереді; сөйлеу мен сәлемдесу әдебін; жақсы мен жаман әдеттерді ажырата білуді; турашылдық, ождан, отансүйгіштік, ізгі амалдар мен сөздердің терминдік мағыналарын үйренеді. Осылайша жас буын санасында Отанға деген махаббаттың бастапқы көріністері қалыптаса бастайды.

Туған елін қадір тұтатын, әрбір уыс топырағын киелі санайтын, оның келешегі үшін күресетін ұрпақ тәрбиелеу үшін басты назарды, әрине, біз педагогтар бастауыш сыныптан бастап оларға кемелдену сатыларында дұрыс та сапалы білім беруге әрекеттенуіміз тиіс. Ұлғая келе отансүйгіштік сезімін тұла бойына сіңдірген жас буын елінің шынайы қамқоршысы, оның өсіп - өнуі мен дамуына өз үлесінің де қажеттігін саналы тұрғыдан терең түсінген, соған лайық перзент болуға өзіндік күш таба біледі. Қорытындылай келе, біз жастарды шыныққан, рухани жетілген, интеллектуал салауатты иелеген, қоғамымыздың экономикалық рухани проблемалары туралы ойлайтын, өзіндік пікірге ие, білім мен рухант кемелдену жолында екпінді адым тастайтын, кемел ұрпақ атағына қол жеткізуі мүмкін. сонда ғана біз келешегіміз үшін қазірден берік те сенімді іргетас қалағанымызды, берген ілім мен біліміміз, сіңірген адал еңбегіміз жемісін алдын ала болжап, егеменді еліміздің тағдырын, оның бақыты мен еркіндігін ізгі сеніммен кемел ұрпақ қолына тапсыра аламыз.

Президент Ислам Каримовтың Өзбекстан Республикасы Конституциясының 21 жылдығына арналған салтанатты рәсімдегі баяндамасы: **Жүзеге асырып жатқан реформаларымызды одан әрі тереңдету және азаматтық қоғам құру – жарқын болашағымыздың негізгі факторы.**

Жан – жақты дені сау ұрпақты тәрбиелеу барысындағы істерімізді дәйектілікпен жалғастыру және жоғары дәрежеге көтеру мақсатында

елбасымыз жаңа – 2014 жылды елімізде «Дені сау бала жылы» деп жариялады. Дені сау баланың дүниеге келуі, денсаулығы мықты болып өсіп – өнуі көптеген талаптар мен факторларға байланысты. Бірақ олардың арасында ерекше тоқталуды талап ететін аса маңызды, шешуші өлшемдер бар.

Біріншіден, дені сау бала – алдымен салауатты, тату жанұяның жемісі. Біз жанұяны өмірді жалғастыратын, келешек ұрпақтар тағдырына күшті әсер ететін тәрбие ошағы ретінде қабылдаймыз. Үлкендерді құрметтеу, кішілерді ізеттеу, адамгершілік, мейір – шапағат, өз Отанына, халқына адал болу сияқты ізгі қасиеттер отбасында қалыптасады.

Екіншіден, дені сау баланы өсіруде денсаулық сақтау жүйесінің орны мен әсері, сонымен қатар жауапкершілігі үлкен екені баршамызға аян.

Үшіншіден, дені сау баланы өсіруде тәлім – тәрбие мен спорттың орны мен әсерін одан әрі күшейту қажет. Бағдарламада мектепке дейінгі білім беру мекемелері жүйесін кеңейту, оларды заманалық жиһаздау, жоғары білікті педагог және жаттықтырушылармен қамтамасыз ету, балаларды мектепке дайындаудың сапасын арттыру мәселелеріне ерекше назар аудару қажет.

Баланың физиологиялық және психологиялық дамуындағы ең негізгі кезең – бастауыш сынып кезеңі. Бұрынғы жүйе жағдайында бұл мәселеге, өкінішке орай, жеткілікті дәрежеде мән берілмегенін барлығымыз білеміз. Төменгі сыныптарда сабақ беру негізінен ортаарнаулы білімге ие мұғалімдерге тапсырылған еді.

Бастауыш білім берудің жас ұрпақ өміріндегі рөлі мен маңызы ескеріліп, ондай бұрыс жағдайға түгелімен шек қойылды және бұл міндетті бүгінгі таңда жоғары білімді, жоғары кәсіби шеберлікке ие педагог кадрлар атқаруда. Қабылданатын бағдарламада бастауыш білім берудің сапасын арттыру, білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу қолданбаларын жетілдіру, озат педагогикалық және ақпарат – коммуникациялық технологияларды кеңінен енгізу мәселелері өз өрнегін табуы керек. Сонымен қатар, «Дені сау бала жылы» мақсат – міндеттерін ескере отырып, перзенттерімізде, әсіресе қыздар арасында денешынықтыру мен спортқа мейір ояту, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша нақты шараларды белгілеп, жүзеге асыруымыз керек.

Төртіншіден, баршамызға белгілі, перзенттерімізді, жаңа ұрпақты дені сау, кемел етіп тәрбиелеу, бұл мақсатқа қол жеткізу, шүбәсіз, мемлекетіміздің, қоғамымыздың тұрақты назарында тұруы, жүргізіп отырған саясатымыздың үстем бағыты болып қалуы шарт.

Бесіншіден, дені сау бала тәрбиесінде махалла мен әлеуметтік құрылымдардың үлкен орны мен ықпалы бар екендігі туралы артықша сөз өрбітудің қажеті жоқ, деп ойлаймын.

Халқымыздың «Бір балаға жеті махалла ата - ана» деген мақалында әлбетте, терең ой бар. Осы тұрғыдан қарағанда, махалла ақсақалдары, діни – ағарту және рухани – ақылақтық тәрбие мәселелері бойынша кеңесшілер, махалла пасбандарының қоғамымыз өміріндегі тыныш – татулық, өзара құрмет пен ынтымақтық, сақтық ортасын нығайтудағы жауапкершілігі одан әрі артады. Әсіресе қыздарды тәрбиелеу, олардың заманалық білімдер мен кәсіптерді игеруіне көмектесу, ерте некеге тұрудың, жанұялық келіспеушіліктердің алдын алу, әдет – ғұрып пен рәсімдерді ықшам, тәртіпті өткізу сияқты міндеттерді шешуде біз махалланың көпті көрген, тәжірибелі белсенділеріне арқа сүйейміз. Ұл – қыздарымызды түрлі үйірмелерге жұмылдыру, табысы аз, отбасыларға материалдық және рухани көмек беру, өз аумағында кәсіпкерлікті дамыту, тағы басқа мәселелер бойынша махалла қызметін күшейту, оларға жаңа өкілеттер мен мүмкіндіктер беру қажет. Жоғарыда баяндалған барлық үстем міндеттерді жүзеге асыру үшін қолданыстағы нормативтік – құқықтық базаны одан әрі жетілдіру талап етілетіні өз – өзінен белгілі. Біз тірегіміз бен сүйенішіміз, мақтанышымыз саналатын балаларымызға, перзенттерімізге сеніммен, құрметпен қарауды келешегімізге деген сенім, ұлтымызға, халқымызға деген құрметтің белгісі деп білеміз.

Сондай – ақ, Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримовтың ПҚ - 2124 “Өзбекстан Республикасында жастарға тән мемлекет саясатын амалға асыруға қаратылған қосымша шаралар туралы” 125 статьядан тұратын қаулысында да жастарға берілетін мүмкіндіктер мен оларды қорғаудағы құқықтық кепілдіктер де саламатты да кемел ұрпақ тәлім – тәрбиесінде үлкен маңызға ие екендігі көрсетілген.

Жоғарыда білдірілген өзекті мәселелер мен пікірлерді одан әрі өрбіту мен оны іс жүзінде амалға асыруда оқулықтарға қосымша түрде оқу – әдістемелік қолданба мен нұсқауларды даярлау, оларды оқытушыларға методик көмек ретінде пайдалануға мүмкіндіктер туғызу біз маман педагогтардан үлкен мән беруді талап етеді.

Осы тұста ұсынылып жатқан аталмыш оқу – әдістемелік қолданба 4 – сынып «Оқу кітабы» ның бөлімдеріне сәйкестендіріліп, барынша жаңа материалдар мен қазіргі заман ақын – жазушыларының төл шығармалары мен ұлттық сана – сезімдеріміз бен әдет – ғұрыптарымыз, аңыз әңгімелер мен ұлы ағартушы мен тұлғаларымыз жайлы деректер беруге әрекет етілген.

1 – бөлім: Дәулетті елім – сәулетті елім




«Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек».
Ахмет Байтұрсынұлы

Қуаныштан қалай кеуде кермесін,
Бұл күнімді бір ғасырға бермеспін.
Ақ түйенің қарны міне, жарылды,
Тәуелсізбін, егеменмін, дербеспін.

Не үшін керек?

- Көз не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін
- Екі құлақ не үшін керек?
- Ақыл – кеңес тыңдау үшін.
- Екі қол не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін.
- Екі аяқ не үшін қажет?
- Шетте жүрсең, Туған жерге жеті үшін. –



Өзгерді заман,
Өзгерді адам бүгінде,
Өзгеше боп тұр,
Желкеге түскен жүгінде.
Не деген ауыр
Жылдарың артта қалды ғой,
Еңбектенсең сен
Оңалар жағдай, түңілме.

Болашағымыз –
Нарықтық заман, ол да анық.
Қайнады өмір
Жаңадан мүлде жол салып.
Қайтадан туып,
Жасара түскен еліңді,
Бауырлар, енді
Таңданбай өзің ал танып!

Өзгерді елің,
Өзгермей сен де тұрмассың,
Көрмейсің мүлде
Тоқырау заман жұрнағын.
Бауырлар, әне,
Қарашы алға көрдің бе,
Заманға нұрлы
Бағытын өмір бұрғанын.

Үзілмес болып
Таңдардан арай үмітің,
Көздерің талып,
Қарап ең солай күні – түн.
Өкінбе сірә,
Жетсең де кештеу мәреге,
Қарсыңда тұр ғой,
Құшағын ашып Ұлы Күн!

Ел, отан жайлы мақал – мәтелдер

Беліңнің мықтысы бір басыңа, Еліңнің мықтысы бір ғасырға.
Елден безген көмусіз қалады.
Жер шежіресі — ел шежіресі.
Азған елге жазған би болады.
Елдің көзі — елу.
Өз еліңнің иті де қадірлі.



Жат елдің наршығасынан Өз еліңнің қарғасы артық.
Елінен безген ер болмас, Көлінен безген қаз болмас.
Елге дұшпан жерге сыймас, Жерге дұшпан елге сыймас.
Ел артындағы шаң жұтар, Ел алдындағы май жұтар.
Ел-елдің бәрі жақсы, Өз елің бәрінен жақсы.
Көшпелі елде ақың болса, Көше-көше қасыңа келер.
Өзін-өзі білген ер бақытты, Өзін-өзі билеген ел бақытты.
Көшпелі елдің қоры болғанша, Егінші елдің зоры бол.
Қара жерді жамандама -қайтып сонда барарсың;
Қауым елді жамандама -қарғысына қаларсың.
Қасықпен көлді құрта алмайсың, Қастыңпен елді құрта алмайсың.
Иті семіз, малы арың - жер азғаны, Ынтымағы болмаса - ел азғаны.
Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді.
Өз елінде көртышқан да батыр.
Ерінен айырылған көмгенше жылайды, Елінен айырылған өлгенше жылайды.
Ат айналып қазығын табар, Ер айналып елін табар.
Жол жолға жалғасады, Ел елге жалғасады.
Жар жол болмас, жат ел болмас.

Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.
Із жолға жеткізер, Жол елге жеткізер.
Ел қонысынан айырылса, Ел ырысынан айырылады.
Су жүрген жер - береке, Ел жүрген жер - мереке.
Ер елінде, гүл жерінде.
Ел-елдің заңы басқа, Иттері қара қасқа.
Өзін өзі білген ер бақытты, Өзін өзі билеген ел бақытты.
Ханда қырық кісінің ақылы бар.
Халық қаласа хан түйесін сояды.
Ханның ісі қараға да түседі.
Хан халықтан үлкен емес.
Су жүрген жер береке, Ел жүрген жер мереке.
Айна айна емес, халық айна.
Халық қартаймайды, Қара жер қартаймайды.
Халыққа қарсы жүру, Ағысқа қарсы жүзу.
Көппен көрген ұлы той.
Халық қатесіз сыншы.
Халық – дана.
Берекені көктем тілеме, Бірлігі мол көптен тіле.
Көптің қолы көкке жетеді.
Көптен қулық артылмас.
Ел артындағы шаң жұтады, Ел алдындағы май жұтады.
Елге дұшпан жерге сыймас, Жерге дұшпан елге сыймас.
Жер шежіресі – ел шежіресі.
Халық қаһары қамал бұзар.
Көп тепкен жерден көл шығады.
Жол жолға жалғасады, Ел елге жалғасады.
Тай тулап үйірінен шықпас.
Елін сатып асаған, Екі күн-ақ жасаған.
Жалғыз жүріп жол тапқанша, Көппен бірге адас.
Елден безген көмусіз қалар.
Халық сүймес,
Халық сүйген –
Суға батпас, отқа күймес.
Атыңнан айрылсаң да, Ер-тоқымыңнан айрылма.
Қазан-ошағыңнан айрылсаң да, Еліңнен айрылма.
Қасықпен көлді құрта алмайсың, Қастықпен елді құрта алмайсың.
Қара жерді жамандама, Қайтып сонда барарсың.

Қауым елді жамандама, Қарғысына қаларсың.
Көптен бақыт құтылмас.
Ел құлағы — елу.
Қатардан ассаң да, Халықтан аспақ жоқ.
Кеңесті елде кек болмас.
Көп күлкісі күннен де жылы.
Көпті сөккен көгермес.
Көп іздеген көмбе үстінен шығады.
Көптің қолы ұзын.
Халық айтпайды, Халық айтса қалт айтпайды.
Аздың азаншысы болғанша, Көптің қазаншысы бол.
Бестің басы болғанша, алтынның аяғы бол.
Құдай қарғысынан халық қарғысы қаһарлы.
Көптен қоян құтылмас.
Көп түкірсе көл болады.
Көптік қайда болса, Тоқтық сонда болар.
Көптің көзі көреген, қолы берген.
Көп алғысы көгертер.
Көзсіз күнелтсең де, Көпсіз күнелте алмайсың.
Азат елдің аспаны ашық.
Егемен елдің еңсесі биік.
Тәуелсіздік туы – асқақ.
Егеменді ел көрікті, Бетегелі бел көрікті.
Отан үшін күрес – Ерге тиген үлес.

Еріп жатыр қар енді

Құлназар Ибрагимов

Тауға да шығып
Бұлттарға арғы жеткім кеп,
Кезінде талай
Арманға үміт жеткім көп.
Жетпеген сонда
Бұлттарға бүгін жетем деп,
Асаудай жас бір,
Барамын желіп, екпіндеп.

Сағымдай арман,
Тұрса да сонда бұлдырап,
Өрлейміз деп ек,

Төменге түстік құлдырап.
Әйтседе бүгін
Бәйгеге неге түспейін?
Ол күндерімнен
Бүгінгі күнім нұрлырақ.

Ұйтқыған боран
Қаптаған - тұғын бар елді,
Мұз болып қатқан
Еріп те жатыр қар енді.
Қашан да бірақ
Еңбекпен адам гүл ексе,
Бүлкілдеп бөксе,
Араға ұқсап бал емді,
О, Тәңір, сенен
Тілеймін бүгін бір тілек,
Аулақ қыл елден
Соғыс деген бәлеңді!

Отансыз адам – ормансыз .



Отан  да ыстық .

Ғылым -  , білім -  .

Сәлем саған туған ел

Өлеңін жазған: Ш. Сариев

Сыр бойындай баулардан,
Алатаудай таулардан,
Сарыарқадай даламнан,
Теңіз Каспий, Аралдан,
Баян сұлу, Жібектей,
Төлегендей түлектей,
Ұл – қызы бар елімнен,
Жұлдызы бар жерімнен,
Сәлем саған, туған ел!

Аспаны бір, күні бір,
Жұлдызы бір, түні бір,
Даласы бір, гүлі бір,
Арманы бір, сыры бір,
Сәлем саған, сәлем саған, туған ел,

Ұлы тойдай ұлы ісім,
Жаралған ел, жыр үшін,
Сырда сұлу – күрішім,
Қырда бидай – ырысым,
Миллиардтай алтын дән,
Миллиардтай бар тұлғам,
Жыршы, жырау салтымнан,
Әнші, күйші халқымнан,
Сәлем саған, туған ел!

Аспаны бір, күні бір,
Жұлдызы бір, түні бір,
Даласы бір, гүлі бір,
Арманы бір, сыры бір,
Сәлем саған, сәлем саған, туған ел!

Отан туралы. М.Мақатаев

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның құдіретті үнін сүйем.
 Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
 Бәрі маған ”Отан” деп сыбырлаған.
 Жаным менің, кеудемді жарып шық та,
 Бозторғайы бол оның шырылдаған.
 Отан,Отан
 Бәрінен биік екен.
 Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем ...

Қуаныштан қалай кеуде кермесін,
 Бұл күнімді бір ғасырға бермеспін.
 Ақ түйенің қарны міне жарылды,
 Тәуелсізбін, егеменмін, дербеспін.
 Ең бірінші бақытым – халқым менің,
 Соған берем ойымның алтын кенін.
 Ол бар болса, мен бармын қор болмаймын,
 Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің,
 Ал, екінші бақытым – тілім менің,
 Жас жүректі тіліммен тілімдедім.
 Бақытым бар үшінші – Отан деген.
 Құдай деген кім десе, Отан дер ем.
 ...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
 Ойланбай – ақ кел – дағы от ал менен.





Мен сенемін жастарға,
Алаш отын аспанға.
Шығарар ол бір таңда
Мен жастарға сенемін.

Мағжан Жұмабаев

Ғасырлардың бедерінде ап – айқын,
Іздерің бар лағыл тасқа ойылған.
Ана тілім – семсерісің Абайдың,
«Көкірегі ояу, көзі ашыққа» құйылған.

Арухан Ақпанбетова

1. Өткелге жетпей, етігіңді шешпе.
2. Ерлік те үлкен қасиет, ерлікке әлем бас иеді.
3. Ажал майданды кезіп жүреді, батырдан безіп жүреді.

4. Шайқаста сескенгенің – пайдасыз босқа өлгенің.
5. Асығыстық пен ашудан ақыл күнгірт тартар.
6. Ақыл – кеңес, әмір емес.
7. Адал дос алтыннан қымбат.
8. Аман жүрсең, әлем сенікі.
9. Ақылдан жақын дос барма?
10. Алпысқа дейін асыр, жетпістен соң жасыр.
11. Ақылды қасыңнан қорықпа, жарымес досыңнан қорық.
12. Ары таза жігіттің жаны таза.
13. Ақымаққа Тойтөбе жол ма?
Айтатын сөзіңді айтып қал, айтпайтын болсаң қайтып ал.
14. Алыстағы туыстан жақындағы көрші артық.
15. Тура жүрсең лебізің күймейді.
16. Ажыраған бірін – бірі іздейді.
Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра.
17. Ынтымақты ел – сарқылмас көл.
Жасырғанның жарасы асқынады.
18. Көбікті қарда түлкі ойнар, көңілді көзде күлкі ойнар.
19. Жаста оқыған оқуың тасқа жазғанмен бірдей, үлкейгенде оқыған оқуың мұзға жазғанмен бірдей.
20. Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік.
21. Ұлы істе оңай жол болмайды.
22. Кітап оқыған – қиядан көрер.
23. Ізденіс түбі – жеңіс.
24. Үш жұрттың тілін білген – өзгеден үш есе биік тұрады.
25. Күш – білімде, шешендік - тілінде.
26. Ең тәттісі де - тіл, ең ащы да – тіл.
27. Кітабы жоқ үй жансыз денеге ұқсас.
Мен білмеймін деме, үйренейін де.
28. Оқыған ұл атасынан да үлкен.
29. Пірің көп болғанша, білімің көп болсын.
30. Білім – елге, су – жерге.
31. Оқыған – опық жемейді.
32. Кітап оқыған – қиядан көрер.
33. Білімдіні бала болса да, аға деп біл.
34. Білімнен безген – бүліненр.
35. Қазынаны тереңнен табарсың, білімді кітаптан.
36. Білімі жоқтың таңы да тас қараңғы түндей.
37. Білімдінің сөзі оқ, білімсіздің сөзі тоң.

38. Білім – еңбекпен ғана кемелденеді.
39. Білім – ағашы, еңбек – алмасы.
40. Ақылдының қазынасы – білімі.
41. Күш – білімде, білім – кітапта.
42. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
43. Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет.
- Отан елдің анамы, ел ердің анасы.
44. Опасызда отан жоқ.
45. Ырыс алды ынтымақ.
46. Күш – бірлікте.
47. Тайынбаған – тауды, тайсалмаған жауды жығады.
48. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.
49. Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде.
50. Өнерлі өрге жүзер.
- Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық.
- Ер елімен, кен жерімен.
51. Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.
52. Жігіт жолдасынан белгілі.
53. Ердің асылы күшінен білінеді.
54. Болат қойнауда, батыр майданда шынығады.
55. Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер.
56. Жүк ауырыр нар көтерер.
57. Балуанға оң – терісі бірдей.
58. Ел үмітін ер ақтар.
59. Ер мойнында қыл арқан шірімес.
60. Ерді намыс, қоянды қамыс өлтірер.
61. Өлеңді жерде өгіз семірер.
62. Халық қаһары қамал бұзар.
63. Дұшпанғақ тастай қатты бол, досыңа балдай тәтті бол.
64. Халықтан қайырымдылықты, қариядан байымдылықты үйрен.
65. Көп алғысы көгертер.
66. Көпке топырақ шашпа, көмусіз қаласың.
67. Шөп те болсын, көп те болсын.
68. Нарды сөкпе, нанды теппе.
69. Ақылды адам айтқызбай біледі, ақсұңқар қаққызбай іледі.
70. Алтын алма, ақыл.
71. Білімге сүйін, білмегенге күйін.
72. Сүйіп істеген іс шаршатпайды.

73. Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар.
74. Қорқақ көлеңкесінен де қорқады.
75. Татулықтың табысы мол.
76. Ақымаққа айтқан сөз ағып жатқан сумен тең, ақылдыға айтқан сөз қолға ұстаған тумен тең.
77. Аузында әзілі жоқтың қолында қол шоқпары бар.
78. Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.
79. Өнерінің өрісі кең.
80. Ердің сыншысы – ел.
81. Ел аралаған сыншы болар, орман аралаған үйші.
82. Жүйрік – бестіден шығар.
83. Аянбаған – жауды алар, абайлаған – дауды алар.
84. Көп қорқытады, терең батырады.
85. Қорыққан бұрын жұдырықтар.
86. Естімеген елде көп.
87. Шешінген судан тайынбас.
88. Ұйымдасқан – ұтады.
89. Іздеген жетер мұратқа.
90. Аталар сөзі – ақылдың көзі.
91. Ата – ана - тамыр, бала – шаға – жапырақ.
92. Ата көрген оқ жонар, ана көген тон пішер.
93. Ата – анаң отырған үйдің басына шықпа.
94. Анасын көріп , қызын ал.
95. Ата – құлып, ана – кілт.
96. Атасы басқа, аттан түс.
97. Ата қарғысы – оқ, ана қарғысы – боқ.
98. Ата – иненің ұшы, ана – көзі, бала – жібі.
99. Ата – тұлдыр, ана – сылбыр, бала – жұлғыр.
100. Атаға қадірсіз - балаға қадірсіз.
101. Атаң мұрап болса да, құлақ басында жүр.
102. «Атам» дегізсе де, «ботам» дегізбесін.
103. Аталы жетім – сұм жетім, аналы жетім – гүл жетім.
104. Ата – анаңның көзін көргендермен сыйлас та, сырлас та бол.
105. Ат үстінде тұрса да, атаңнан ұлық емес.
106. Атаң – базар, анаң – базар.
107. Ата – бабаң да дүниенің түбінен жетпеген.
108. Ата – анаң сенің қолыңда емес, сен оның қолында тұрасың!..
109. Ата жұртың – алтын бесігің.
110. Атаның баласы болма, адамның баласы бол.

111. Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ.
112. Алтын алма, алғыс ал.
113. Алаған қолым береген.
114. Алмақтың да салмағы бар.
115. Алма піс, аузыма түс.
116. Алдырған анасының қойнын ашып қарайды.
117. Алғалы келген келін елегін жасырмайды.
118. Алтыдан жисаң артады, жетіден жисаң жетеді.
119. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала. төртеу түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер.
120. Алдынан барсаң сүзеді, артынан барсаң тебеді.
121. Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш.
122. Аларды қарыз күліп барып, жылап қайтады.
123. Ал, табағым, кел, табағым!
124. Алдағанға бала жақсы.
125. Ат – ер қанаты.
126. Ат аунаған жерде түк қалады.
127. Ат та өлмесін, арба да сынбасын.
128. Атың барда жер таны, асың барда ел таны.
129. Ат мінгендікі.
130. Ат мінген алыста жүрсе де ардақты, есек мінген есігінде де елеусіз.
131. Айыптама, байыпта.
132. Ат табады, есек жейді.
133. Атты тапқанша есек те – көлік.
134. Аш бәледен қаш, бәле!
135. Аттың сыры иесіне мәлім.
136. Ат орнын тай басар.
137. Ат алған ақырын да салады.
138. Аттан алдын ерін ал.
139. Ат құйрығын кеспейді.
140. Ат мінген атасын ұмытыпты.
141. Ат алысқа, иесі намысқа шабады.
142. Ат табылса, ер дайын.
143. Ат тепкісіне ат шыдайды, тай тепкісіне тай шыдайды.
144. Ат төрт аяғы болса да қағылады.
145. Аттан түссе де, ерден түспейді.
146. Атқа таға қақса, тай тұяғын көтереді.

147. Ат баспаймын деген жерде мың басады.
148. Қаламның ұшында найзаның күші бар.
149. Оқымаған маманның ойы шабан.

Мақал-мәтелдерді аяқтау

Әке – асқар



Әкеге қарап



өсер,

Шешеге қарап



өсер.

2 – бөлім. Таңғажайып алтын күз



Композитор: Е. Хасанғалиев, Ән Аты: "Ақ бидай" немесе "Жасай бер қазақ"

Ақ бидай – әнім, ақ бидай – дәнiм,
Ақпейiл – халқым, ақпейiл – әр үй.
Еңбегi – шежiре, ерлiгi – дастан,
Қазағым осы, дәулетi тасқан!

Дәм-тұзға толы дастарқан дала,
Күн сайын думан, күн сайын – жаңа ән.
Күмбiрле күйдей көңiлдiң хошы,
Мерейi асқан қазағым – осы!

Қонағы келсе – құшағы ашық,
Дүшпанға – қатал, досына – ғашық.
Теңiздей терең, тасындай заңғар,
Қазағым, достар, – осындай жандар.
Әлемге айдай асырған даңқын,
Ұл-қызы әсем, жүздерi жарқын.

Еңсесі биік, елдігі ғажап,
Жасыма, жайна, жасай бер, қазақ!

Мақал – мәтелдер

Арпа,бидай-ас екен, алтын-күміс тас екен.
Адам – гауһар, қолы – гүл.
Қатты жерге қақ тұрар, жақсы ерге бақ тұрар.
Ердің ерлігі ерінен танылар, елдің байлығы жерінен танылар.
Ақсақ түйенің аузына жел айдаған қаңбақ тиер.
Аулы араластың қойы қоралас.
Ағаш өзегінен шіриді.
Шынайы гүлдің иісін бұлбұл ғана біледі.
Құсы жоққа тұрымтай сұңқармен тең, аты жоққа қотыр тай тұлпармен тең.
Түлкінің қызылдығы өзіне сор.
Алғашқы сауда – сауда, кейінгі сауда – ғауға.
Аң бар жерде ашуы да болады.
Арқалағаны алтын болса да, түйенің тамағы – тікен.
Ауыл иті ала болса да, бөрі келгенде бірігер.
Ауылдың жақсылығы жолынан білінер.
Ажал жетпей шыбын өлмес.
Ауылға айтсаң, асар, көршіге айтсаң, қосар.
Ауылы басқа алдырмас, ауылың сені қалдырмас.
Ауылыңнан алғыр шықса, атың озады, ауылыңнан жаман шықса, елің тозады.
Аңшының өлімі – ауда, сушының өлімі – суда.
Айыбы бар мал қашанда арзан.
Көлдің көркі – құрақ, таудың көркі – бұлақ.
Бір талды кессең, он тал ек.
Таза бұлақ тасада қалмас.
Жердің сәні – егін.
Бір түйір дәнде, бір тамшы тер бар.
Алаңқайда тайдың ізі, Маңайында құстың ізі. (Ай, жұлдыз)
Алтын теңге кетеді, Күміс теңге келеді. (Күн, ай)



3 – бөлім. Туған жер аясында

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,
Сүйгенім, сүйсінгенім, жек көргенім.
Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,
Туған тілім-анам тілі-өз тілім.
Туған тілім-далам тілі-өз тілім,
Туған тілім-адам тілі-өз тілім.
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.
Тілім менің!
Ұлы Абай, Мұхтардай пірім менің.
Тұнығым, рухани жан азығым
Ол бүлінсе, менің де бүлінгенім.
Ана тілім, туған тілім, бал тілім
Сен арқылы дүние танып талпындым.
Сен арқылы әлемге аян бар ісім
Сен өмірде таусылмайтын алтыным.

С.Торайғыров


Д. Әбілев

Ш.Айтматов



М.Шаханов «Төрт ана»

Тағдырынды тамырсыздың індетінен қалқама,
Әр адамда өз анасынан басқа да
Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада
Болу керек құдіретті төрт ана.
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және де туған тарихы, еске алуға қаншама,
Ауыр, әрі қасіретті болса да,
Төрт анаға жағдай жасай алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған?
Төрт анасын қорғамаған халықтың,
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана –
Тағдырыңның тынысы.
Төрт ана үшін болған күрес – күресудің ұлысы.



4 – бөлім. Еңбек түбі – береке

Абайдың алтыншы қара сөзі

Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды - бірлік, ырыс алды - тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды - тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың - пысық, ішің - нас,
Артын ойлап ұялмас, -

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.



АБАЙ




Қара сөз

Мақал - мәтелдер

Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес.
Қолы қимылдаған адамға кедейлік жоқ, аяғы қимылдаған адамға алыстық жоқ.
Екпей егін шықпас, үйренбей білім ұқпас.
Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.
Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
Азаптың зоры – жұмыстың жоқтығы.
Олақ өзгеге сенсе, өнерлі өзіне сенеді.
Аз ба, көп пе етпесең әрекет, тірлігінде болмайды берекет.
Абырой – ар еңбегі.
Жақсы сөз – жан азығы, еңбек – ырыс қазығы.
Жалқаудың жаны тәтті, еңбектің наны тәтті.
Өмірді сүйген – өмірден орын табады.
Игілік кілті – еңбекте.
Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын.
Терлемеген – терең білмес.
Аға еңбекпен көркем, бала біліммен көркем.
Еңбек өмірді ұзартады, ұят бетті қызартады.
Еңбектен қашпа, ырысыңды шашпа.
Жалқау жарты кісі.
Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық.

5 – бөлім. Әлемге мәшһүр бабалар

Кімде-кім халқынан алмаса тәлім,
Оны үйрете алмас ешбір мұғалім. Ж.Баласағұн
Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім
қажет. Шоқан Уәлиханов
Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп,
түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүсіпбек Аймауытұлы
Ана тілің – асылың, оны білмеген – масылың. Қадыр Мырза Әлі
Адамның адамдық, ұлттың ұлттық ең жоғарғы қасиеті – тіл өткірлігі
мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін! Ғабиден Мұстафин
Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен
құралақан қалады. Ғабит Мүсірепов
Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді
интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі
болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады. Мұхтар Әуезов



Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтың-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына...

Жүсіпбек Аймауытов

Тіл — жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт — жойылған жұрт.

Халел Досмұхамедұлы

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Ғабит Мүсірепов

Тілінді жоғалту, су қараңғы көзсіз қалғаныңнан да өткен қасірет.

Жалау Мыңбаев

Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни бар тарихының куәгері, деректі көзі.

С. Аманжолов

Ұлттың тілі — сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?

Мұхтар Әуезов

Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін бар бояуымен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты тіл, қазақ тілі – сондай тіл.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Сөз сайыста жеңілген де бір – тілі кесілген де бір.

Тоқсары

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

Жүсіпбек Аймауытұлы

Кісінің көркі - жүз,

Жүздің көркі - көз,

Ойдың көркі - тіл,
 Тілдің көркі - сөз.
 “Адамды жөн білетін дана деп біл,
 Істерін жалқау жанның шала деп біл.
 Құр жасы елулерге келсе-дағы,
 Білімсіз сондай жанды бала деп біл”-
 Тіл – елшінің қылышы, тіл қылыштан да өткір.
 Елдіктің өзегі – білік, кілті – тіл, қадір-қасиеті – кісілік. Жүсіп Баласағұн
 Игі істің басы – тіл, тәрбие басы – тіл. Махмұд Қашқари
 Әдеп басы — тіл.
 Ердің жүзін күйдіретін нәрсе — тіл. Ахмет Йүгінеки
 Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Ақылдың тілін алса,
 жүрек ұмыт қалады.
 Шешеннің тілі
 Шебердің бізі. Абай Құнанбайұлы
 Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы
 құрымай жоғалмайды. Ахмет Байтұрсынұлы
 Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын. Білім – бір
 құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп
 істейді. Ахмет Байтұрсынұлы
 Ұлт үшін тілінен қымбат еш нәрсе жоқ. Мағжан Жұмабаев
 Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды... Сәкен Сейфуллин
 Қазақша жазу — қазақ сөздерінің кез-келгенін құрастыра беру емес.
 Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты,
 мәдениетті адам деп санауға болмайды. Мұхтар Әуезов
 Әркімнің туған тілі – туған шеше,
 Оған бала міндетті сан мың есе. Сәбит Мұқанов
 Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені. Сәбит Мұқанов
 Өз тілін сезбеген бала — ана сүтін татпаған жетіммен тең.
 Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнегесі,
 нағыз белгісі. Бауыржан Момышұлы
 Ана тілі
 Ананың құнар сүті ғой,
 Ғұмыр бойы сен еметін.
 Ана тілі
 Халқыңның ырыс-құты ғой,
 Игілігіңе кенелетін. Мұзафар Әлімбаев
 Халықтың мәңгі ғұмыры оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін Ұлы.
 Шыңғыс Айтматов

Қазақ тілі жайында жылаңқы 40 мақала жазғанша, 40 адамды қазақ тіліне
үйретіп шығарғанымыз артық. Алтынбек Сәрсенбаев

Тіл игеру тың игеруден де қиын. Қонысбай Әбіл

Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті... Біздің қазақ жастарымыз ана тіліне
жетік, білімді, мәдениетті болсын. Ахмет Жұбанов

Ұлттық руханиятымыздың өзегі – тіл Әбіш Кекілбай

Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

Қасиетін сезем деп ана тілдің,

Қауырсыны қалмады қанатымның. Мұқағали Мақатаев

Тәрбиенің бірінші шарты балаға жақсы есім таңдау. Әлішер Науай

Бала-дүниеге әкелгендікі емес, тәрбиелегендікі. Халық мақалы

Ешбір ата-ана өз перзентіне мінез-құлқынан артық мұра қалдырмайды.

(Мың бір хадис)

Көп ойлап, жақсы сөйле нұсқа болсын,

Қайтарар жауабың да қысқа болсын. Ж.Баласағұн

Өзі білмей, білгеннің тілін алған ғалым,

Өзі білмей білгеннің тілін алмаған, өзіне залым. З.М.Бабыр

Білім және атамұраны жақсы тәрбие менен безеу керек. Абу Насыр Фарабий

Ақ жолында кім үйретсе бір әріп

Болмас оның қызметін қайтарып. Әлішер Науаи


Білімнен жақсырақ қазына болмас,

Ол бір тасқын бұлақ суы сарқылмас. А.Рудакий

Сақтар болсаң халқыңды, тілді сақта.

Баға жетпес мұра жоқ, тілден басқа. Әбу Сәрсенбаев





«Маған жақсы мұғалім бәріненде артық, өйткені мұғалім мектептің жүрегі»
Ы. Алтынсарин

6 – бөлім. Халық ауыз әдебиеті



Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата –
бабамызды, тарихымызды ұмыту. Бауыржан Момышұлы

Ата дәстүрлерімізді сақтау мен қастерлеу жайлы нақыл сөздер:

Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер.
Атадан жаман ұл туса,
Төрдегі басын жерге сүйрер.
Анасын сүйгеннің, баласын сүй.
Ата – баланың қорғаны.
Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
Ата – бәйтерек, бала жапырақ.
Атаның баласы болма, адамның баласы бол.
Бір бала бар әкеге жете туады,
Бір бала бар атадан өте туады,
Бір бала бар, кері кете туады.
Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария.
Көп өнеге сөзі бар, сөзі соқпақ, өзі нәр.
Үлкендер отырған жерде аз сөйле, көп тыңда.
Әке көрген оқ жонар,
Шеш көрген тон пішер.
Әке баланың тірегі, әуілдеген жүрегі,
Ойындағы санасы, өмірдегі панасы.
Ата жолын қуса игі,
Атадан ұл туса игі.
Ана – жүрек, жүректі құдіретте,
Ана – тірек, тіректі құрметте.
Ана – шыңың, шыңына сағынып жет,
Ана – күнің, күніңе табынып өт.

• **ҚЫРЫҚ БІРГЕ ЖҰҒЫСПАУ**

1. Ордалы жыланға жұғыспау
2. Жалғыз ағашқа жұғыспау
3. Суық торғайға жұғыспау
4. Елсіздегі жалғызға жұғыспау
5. Құрылған торға жұғыспау
6. Алдан өткен қасқырға жұғыспау
7. Елден кеткен, елден ауғанға жұғыспау
8. Пәлелі өртке жұғыспау
9. Биік тауға жұғыспау
10. Жаралы жыртқышқа жұғыспау
11. Қаралы елге жұғыспау
12. Ашынған аш қасқырға жұғыспау
13. Ашыққан ұрыға жұғыспау
14. Киелі жерге жұғыспау
15. Дастарханға жұғыспау
16. Жетімге жұғыспау
17. Жесірге жұғыспау
18. Кесірге жұғыспау
19. Еңіреген ерге жұғыспау
20. Арқаны сылдыр ерге жұғыспау
21. Жатқа кетер қызға жұғыспау
22. Өзің шығар төрге жұғыспау
23. Көктемдегі мұзға жұғыспау
24. Өте шығар сызға жұғыспау
25. Асып артылып қалған асқа жұғыспау
26. Жарасы бар басқа жұғыспау
27. Парақорға жұғыспау
28. Басқа елдік азаматқа жұғыспау
29. Балеткалы иге (ашыма) жұғыспау
30. Төбелесте арашаға жұғыспау
31. Тікені бар аласаға жұғыспау
32. Құламалы құзға жұғыспау
33. Дәм атасы- тұзға жұғыспау
34. Иесіз жатқан малға жұғыспау
35. Киесі бар далаға жұғыспау
36. Обалы бар балықшыға жұғыспау
37. Залалсыз малшыға жұғыспау

- 38.Түтін ұшар шаңыраққа жұғыспау
 39.Ырыс келер босағаға жұғыспау
 40.Даладағы өлгенге жұғыспау
 41.Шыдап жерге көнгенге жұғыспау

Жаңылтпаштар

Дәу тау болады, тау дәу болады.
 Шүрегей сүңгігіш пе, сүңгуір сүңгігіш пе?
 Аңқау жалқауды жалқаусын дейді, жалқау аңқауды аңқаусын дейді.
 Ақ тайлақ ақ па, қара тайлақ ақ па?

Әмір әбігер,
 Нене әбігер?
 Әділ әбігер,
 Неге әбігер?
 Әмір мен Әділдің



Әбігерлігіндей
 Әркімнің әбігерлігі бар.

Қырық құркылтай
 Бір құрдан үркіп ұшты.
 Қырық құр
 Бір құркылтайдан үркіп ұшты.
 Қырық құр қорқақ па?
 Қырық құркылтай қрқақ па?

Жүз шайыспайық,
 Жүсеке, жүз шайыспайық.

Кібіртіктеңкірегенді,
 Кібіртіктеңкіреді деу керек.

Кібіртіктеңкіремегенді,
Кібіртіктеңкіремеді деу керек.

Мына саяға
Қалай саялай аласыңдар?
Саялай аласыңдар ма,
Саялай алмайсыңдар ма?

Ағаны бала ағаламағаны –
Бала ағаны бағаламағаны.
Ағаны бала бағаламағаны –
Әдепті бала бола алмағаны.

Мына балалар.
Неменелерің еді:
Немерелерің бе?
Шөберелерің бе?
Шөпшектерің бе?
Неменелерің бе?
Неменелерің бе?

Қорқыт ата туралы зерттеулер

«Ықылым заманнан бері ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл мұраның бірі- аты аңызға айналған Қорқыт баба күйлері.

Халқымыздың атадан балаға тараған шежіресі бойынша, қазақ топырағында музыка өнерінің тууы Қорқыт есімімен тығыз байланысты. Халқымыз ежелден Қорқыт бабаны қобызға алғаш тіл бітіріп, оның қыл ішігінен жаһандағаы жаратылыс атаулының үнін күй етіп сөйлеткен өнер иесі, күй атасы деп біледі. Қазақ музыка мәдениеті тарихында қобыз өнері ерекше орын алады.

Қорқыт VIII-IX ғасырларда Сырдарияның жағасында өмір сүрген көрінеді.

Қызылорда облысының «Қорқыт» станциясынан 5 км.жерде Қорқыттың моласы дейтін күмбез бар болатын, мұны жергілікті жұрт киелі орын санап, басына көп уақыт бойы шырақ жағып келген. Сырдарияның тасқын суынан мүжілген Қорқыт күмбезінің өзен жақ қабырғасы қопарылып, 1952 жылы құлап қалады. 1980 жылы сол ескі зиратқа жақын жерге архитектор Б. Ыбыраев пен физик- акустик С. Исатаевтың жобасы бойынша төрт қобызды

біріктіру арқылы ерекше архитектуралық келісімде құйылған ескерткіш орнатылды.



Қорқытты туарда анасы құланның жаясына жерік боылыпты. Жыл сайын бір рет толғатып, баланы үш жыл тоғыз күн көтереді. Бір күні нәрестенің дүниеге келер сәті жетеді. Анасы, туарында тоғыз күн толғатыпты, сол сәтте жер дүниеге үш күн, үш түн қараңғылық түсіпті, қара жаңбыр, дауыл соғып, біреуді біреу көре алмай, қорқыныш басыпты.

Бала анасынан туа тіл қатып, сөйлей бастайды. Шілдеханасына жиналғандар: «Бұл ерекше қасиетті болып өмірге келуі арқылы біздің бәрімізді қорқытты ғой, сондықтан аты Қорқыт болсын», - деп нәрестенің атын қорқыт қояды.

Қорқыт туған кезінде,
Қара аспанды су алған
Қара жерді құм алған
Ол туғанда ел қорқып,

Туғаннан соң қуанған - өмірге келуі жайында жыр.

аңыз: Міне осы ғажайып жағдайда туған Қорқыттың ер жеткеннен кейінгі іс-әрекеттері де ешкімге ұқсамайды. Ол жиырмаға толғанда түсінде біреулер аян беріп, «қырықтан артық жасамайсың» депті. Міне, осыдан кейін Қорқыт дүниенің пәхилігін көп ойлап, өлмеудің жолын іздестіреді, түйесі Желмаяға мініп, әлемнің төрт бұрышын аралайды. Ол қайда барса да, қазулы көрді көреді... бұл кімнің көрі, - деп сұрағанда «Қорқыттың көрі» деп жауап алады. Ақырында өзінің туған жері Сырдария бойына келеді, қарағайдан қобыз жасап, өлмес өмір күйін тартады. Қазақта «Күй атасы – Қорқыт» деген аңыз осылайша пайда болады. Ол Сырдария суының бетіне кілем төсеп, күй тартқанда дүниедегі жан иесінің бәрі де құлағын елжіретіп тыңдаған.

аңыз: Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құйма құлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде де керемет ойнайды екен. Алайда, ол оған қанағаттанбай, адам және жануарлардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Он ойланып, тоғыз толғанды. Қарғай ағашын кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ ары қарай қалай, не істерін білмей қиналады. Күндер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жасап жатқан қобызың алты жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған түйенің терісінен жасалған шанақ, ортекенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен», - деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна сала, осы айтылғандардың бәрін жасайды.

Қарағайдың түбінен

Қайырып алған қобызым,

Үйеңкінің түбінен

Үйіріп алған қобызым,

Желмаяның терісін

Шынақ қылған қобызым,

Ортекенің мүйізін

Тиек қылған қобызым,
Бесті айғырдың күйрығын
Ішек қылған қобызым,
Құлағыңды бұрайын,
Осы айтқаным болмаса,
Қайырып жерге ұрайын.

Қобыз үнін бар табиғат, ұшқан құс, ескен жел, жүгірген аң бәрі тоқтай калып, құлақ түре тыңдапты.

Қорқыт күйлеріне терең философиялық тебіреніс, элегиялық көңіл- күй мен майда қоңыр лиризм тән. Күйші шығармаларында халұы мен ілінің тағдырынғ болашағын ойлап, көірегі қарс айырыла қамығады, адамдардың қайғы –қасіретіне ортақтасып, мұң- шерін бөліседі. Өмірдің мәні, бақытты ғұмыр жайында тебіреніп ой толғайды.

Қорқыт күйлерінің басқа күйлерден ұқсастығы, ерекшелігі, формасы жетілген әуендік байланыс құрылымы бір жүйеге келген бір- бірімен сабақтастық нақыш- саз.

Табиғи дыбыстарға еліктеу формасы өте күрделі бақсылар зікірінің желісі.

Қорқыт өнерінің мұрагерлері Ықылас Дүкенұлы, Жаппас Қаламбаев, Дәулет Мықтабаев, Нышан Шәменұлы, Манат Қошаев, Тәттіқыз Бұзаубақова «Тарғыл Тана» күйдің ең алдымен шығу тарихы:

Қорқыт қырық жасқа келгенде оған ажалының жақын екендігі жайлы бір күдірет аян береді. Қорқыт жарық дүниені қимай, адам баласы мәңгілік жасайтын Жерұйық іздемекші болып, Желмаясына мініп, жолға шығады. Мұны көрген тәңірі періштелерімен ақылдасып: «Егер бұл адам өлімді ешқашан аузына алмайтын болса, онда мәңгілік өмір сүреді. Жанын олжалағанына тәубе қылса, еркіне жіберейік, қанша өмір сүрсе де, жүре берсін», депті. Бұл сөзді естіген Желмаяға тіл бітіп: «Егер ешбір дүниеге мойын бұрмай, тек қана өмірді ойласаң, мен сені өлімнен алып шығамын», -

деген екен. Бұдан кейін Қорқыттың көңілі жайланып, өлімді ешқашан ойына алмауға тырысады.

Бұл күні Қорқыт Желмаясымен ел аралап келе жатып, далада мал бағып жүрген жас баланы ұшыратады. Қорқыттан үркіп бір тарғыл тана табыннан бөлініп тұра қашыпты. Оны қайтарам деп қуа жөнелген баланың аяғына шөгір кіріп, танаға жете алмай, жылап отыра кетеді. Баланы аяған Қорқыт оны өзі қайтармақшы болады. Бірақ қанша қуса да, тана жеткізбейді. Әбден ыза болған Қорқыт: «Өлсем де жетемін!» - деп өршелене қуады. Мұны естіген тәңірі тарғыл тананы тасқа айналдырып жібереді. Денесі тасқа айналып, жаны шығарда танаға тіл бітіп:

Менің өзім қара едім,

Қарадан туған ала едім.

Туған жерім- Қазалым,

Мына тау болды-ау ажалым,- деп ыңыранады. Тананың жарық дүниемен қоштасардағы осы қиналысын көрген Қорқыт сол жерде қобызын қолына алып, «Тарғыл тана» күйін шығарған екен.


Сыр бойында, Қорқыт бейіті тұрған жерден терістікке қарай жүз шақырымдай жерде, Тарғыл деп аталатын тау бар. Бұл жаңадағы аңызға қатысты тау. Қорқыт қуғанда тас болып қатып қалған тарғыл тана бірте-бірте тауға айналыпты- мыс.




Қорқыт ата кітабы



1999 ЖЫЛҒЫ
"Қорқыт ата
кітабының
1300 ЖЫЛДЫҒЫ
атап өтілді"



Қорқыт ата кешені



- 1980 жылы Бек Ыбыраев аэродинамикалық эффектін пайдаланып тұрғызған.
- Дала желінің екпінімен қобыздың үні естіліп тұрады.
- Ішкі жағы "түйетабан" өрнектерімен нақышталған.
- Қазақстандағы ең үздік тарихи ескерткіш.



Қорқыт

Қанатты сөздер:

Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас,

Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес;

Дәулетті ұлыңболса, ошағыңныңқоры болар,

Дәулетсіз ұл болса, ошағыңныңқоры болар;

Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі;

Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды;

Көңілі пасықерде дәулет болмас;

Қар қаншама қалыңжауғанмен - жазға бармас;

Ата даңқын шығарып, өзініңтегін қуған балаға ешкім жетпейді.



7 – бөлім. Қызыққа толы қыс айы



Апырау, бір – ақ түнде қыс келген бе?

Қар ғой мынау бір түнде түскен жерге.

Бір түнде аймақтың өңі өзгеріп,

Бір – ақ түнде керемет істелген бе?

М. Мақатаев

Отқа жанбас, суға батпас.

(Мұз)

Табаныма байладым, Қос аяқпен айдадым.

(Шаңғы)

Қыста ақ тон киемін, сәбізді сондай сүйемін.

Бір ағаштың он екі бұтағы бар, әр бұтағында отыздан жапырағы бар.

Жапырақтың бір жағы ақ, бір жағы қара.

(Жыл, ай және күн мен түн)

Қош келдің Жаңа жыл!

Сабақтың мақсаты:

А) Оқушылардың қызығушылығын арттыру

Б) Оқушыларды еркін пікір айтуға уйрету

В) Эстетикалық және адамгершілік тәрбие беру

Сабақтың жабдығы: Сурет, буклеттер, реферат, қолдан сызылған суреттер, шырша, сынып Жаңа жыл кешіне безендіріледі.

Сабақтың түрі: Аралас

Сабақтың әдісі: сұрау - жауап

Сабақтың барысы:

Жаңа тақырып мазмұны.

Алғы сөз: Құрметті оқытушылар және оқушылар сіздерді Жаңа 2014 жылмен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге бұл Жаңа жыл Жаңа бақыт, жаңаша өмір, жақсы табыс алып келсін.



1-бастаушы

*Аппақ бүгін қырдалам
Ақ астархан жапқандай
Халық біткен қарбалаң
Қонақ күтіп жатқандай*

2- Бастаушы

*Көңілде көп қуаныш
Әр көңілде жақсылық
Кетер жылға мың алғыс
Әкелген көп жақсылық*

1-Бастаушы

*Ал баалалар ескі жылдай аға бар
Оны ортаға алайық
Хош айтысып қалайық
Оқушы. Ескі жылға арнап:
Ескі жылға ырзамыз
Өсе түсті бойымыз
Қандық талай сырға біз
Шарықтады ойымыз*

*Жақсы жаңа жыл келді
Асқар таумен тұрғылас
Біз осылай жылда енді
Жоғарылайық бір класс*

Ескі жыл:

*Көп рахмет бүлдіршін
Сенің өзің гүлгүлсің
Халқың сүйер керемет
Қыз боларсың кім білсін.*

*Ескі жыл қоштасып шығып кетеді жаңа жылды қарсы алу:
Жаңа жылға арнап жыр шумақтарын айттып өту.*

1. Жаңа жыл Жаңа жыл

Не әкелдің сен бізге

Бау бақшаң толған гүл

Төлдерің семіз бе?

2. Бауырсақ балмұздақ

Концертке молсың ба

Бізді алға барғызбақ

Сен жаңа жылсың ба?

3. Әр елдің әр халықтың Жаңа жылды қарсы алудағы өз дәстүрлері бар. Жалпы, алғанда әсем ойыншықтарды жарқыраған жасыл шырша Жаңа жылдан белгісіне айналған. Жаңа жылдық ёлка бұдан 1500 жыл бұрын тұңғыш рет Эльзаста орнатылған.

4. Адамдардың мерекеге арнап шыршаны таңдауы да кездейсоқ жағдай емес. Ертедегі египеттіктер шырша түсін өмір белгісі санаған. Сондай-ақ ерекше құрметтеп, мәңгілік өмір мен денсаулық осыларға байланысты деген. Жаңа жыл кеші, шыршаны айнала балалар ән салып би билеп жүр.

5. Аспан жерге төгеді

Ак күмісті уыстап

Жаңа жылда келеді.

Бізге қарай жылыстап

6. Өлең де әзір, ән де әзір

Ойын да әзір бәрі әзір

Кел Жаңа жыл біздерге,

Кел, Жаңа жыл Жаңа жыр.

Аяз ата келеді – балалар.

Аяз Атаны көтеріңкі көңілде қарсы алайық.



Барлығы хормен: Хош келдің Аяз Ата!
Бізбен бірге ойынды болыңыз. «Аяз ата» жырын тынданыз.
«Аяз ата» жыры тындалады. Хормен айтылады.

Аяз атаның сәлемдесуі:

Ау амансың ұлдарым
Ау амансың ба қыздарым
Қандай жарқын жүздерің
Қандай әсем жырларың
Асулармен алысқан
Асау желмен жарысқан
Аталарың сендерге
Шаршап келді-ау алыстан
Бар сыйлығым жаралғым
Керемет бір ән тыңдап
Келіп тұрау дем алғым
Қасымда бар Қарғашым
Ол да ренжіп қалмасын
Бүлдіршіндер балалар
Оған да әнін арнасын
Балалар ән айтады:



Аяз ата: Балалар өздерің бір жақсы балалар екенсіңдер сендерге жұмбақ айтайын ба?

Оқушылар : Айтыңыз ата, айтыңыз.

Аяз ата жұмбақ айтады балалар шешуін табады.

Балалар:

-Аяз ата біз қарғашты сағындық оның биін көрсек деп едік.

Аяз ата:

Ал Қарғаштай қалықта

Өнер көрсет халыққа

Ақ қанатың желбіреп

Қалықтаудан жалықпа

Қарша қыз:

Құтты болсын Жаңа жыл!

Тілеймін мен бар әлемде

Дос көп болсын Жан ашыр.

Ата әже! Ата әже!

Құтты болсын Жаңа жыл!

Тілеймін мен бар адамға

Жаңа бақыт Жаңа жыр!

Қарғаш қыз би билейді қыздар тобы биге қосылады.

Аяз ата:

-Балалар қазір ойын ойнаймыз:

«Кім шапқан?» ойыны. Мынау шарикті кім тез алып барады. Ол үшін екі топ ажыратып алуды керек. Топтарға ажыратып алып ойын ойналады. Жақсы қатынасқан топ қошеметтеліп сыйлық беріледі.

Аяз ата:

-Ал балалар мен біраз дем алдым мені сендер сияқты балалар ауылдар күтіп отыр мені Қарша қыз екеумізді шығарып салыңдар хош сау болыңдар.

1-бастаушы.

Қандай жақсы біздің Аяз атамыз

Ол кеткен соң терең ойға батамыз

Қарғаш болып қалықтаймыз аспанда

Құс жолымен ән сап бара жатамыз.

2-бастаушы:

Кетті біздің сүйікті мен сүйкімді

Енді қайтып келтіресің ұйқыңды

Шыршамызды шыр айналып өмір жүр

Біз білмейтін одан өткен сыйқырды.

8 – бөлім. Ерте, ерте, ертеде

Асан қайғының:

Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң,

Бірін қыста қыстасаң,

Ал қолыңды маларсың

Алтын менен күміске! –

деген жыр жолдарында ұлттық мұраттың сол дәуірдегі аңсағаны - территориялық тұтастық, саяси еркіндік, әлеуметтік кемелдік, табиғат пен адам арасындағы үйлесім бейнеленген. Елдің бірлігін, ішкі тыныштығын, ханның ынсапты болуын, халықтың берекелі байлығын жырлаумен ұлттық идеяны мемлекеттік саясат биігіне көтергендер қатарында қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет жыраулар тұр. "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" жылдарында Отан қорғау ұлт мұратына айналды. Ақтамбердінің: Жауға шаптым ту байлап, Шепті бұздым айғайлап, Дұшпаннан көрген қорлықтан

Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап, - дейтіні осыдан.

Асан қайғы термесі:

Әділдіктің белгісі,
Біле тұра бұрмаса.
Ақылдының белгісі,
Өткен істі қумаса.
Жамандардың белгісі,
Жауға қарсы тұрмаса;
Залымдардың белгісі,
Бейбіттің малын ұрласа.
Надандардың белгісі,
Білгеннің тілін алмаса.
Шамаңша шалқып көре бер,
Қабірге әзір қоймаса.
Артыңда қалар атақ жоқ,
Тіріде данқың болмаса.
Бұ заманда не ғаріп?
Ақ қал алы боз ғаріп.
Жақсыларға айтпаған,
Асыл шырын сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қария болар шын ғаріп.
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса;
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз, үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса пір ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.
Ғалымды хатим еткендер,
Мақсатына жеткендер,
Жас көрілер отырып,

Алдынан сабақ алмаса,
Қарамаса жүзіне,
Ғалым да болса ол ғаріп, -деп термелепті.
Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсің?
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін?
Көшіп-қонып жүрмеген,
Жер қадірін не білсін?
Көшсе кона білмеген,
Қонса көше білмеген,
Ақылына көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін?-

Халық ертеден әрбір малдың өзінше әулие иесі, бабалары бар деп сенді. Сол себепті мал туралы тілек тілесе де, малға өз бағасын берсе де әуелі малдың «иелеріне» сөз арнады:



Шаруаның бір түлік пірі – Шопан,
Келтірмей қу, пір ата, қойға топан.
Ай мүйізді шоқпақтай

Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең, қойдан бер. . .

Төлді қалай шақырады?



**Қой баласы-қоңырым,
Қойдан жуас момыным,
Шопан ата түлегі-
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт, пұшайт!**

Шаруаның бір пірі – Жылқышы ата,
Тілегенде, өзің бер ақтан бата. . .
Өңкей ала шұбардан,
Жал, құйрығы шұбалған
Айғыр берсең байсалды,
Үйірі толған байталды,
Өңкей мама бие бер
Сауған сайын иіген. . .

**Жолға шықсам
көлігім,
Жапанда жүрсем,
серігім,
Қамбар ата өсірген-
Құлыным менің
қайдасың?
Құрау, құрау!**



Шаруаның бір пірі – Ойсыл қара,
Түйе өсіріп, жарылқап, болып пана.
Көзі жарық жұлдыздай,
Мойыны піл қозыдай,
Құйрығы бар қамшыдай,
Шудасы бар жамшыдай,
Маң – маң басқан, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Төрт аяғын тең басқан,
Екі өркешін қом басқан. . .
«Шөк» дегенде «бық» деген,
Шешіп үйін жүктеген,
Ойсыл қара баласы –
Түйе бассын үйінді.
Түйе басса үйінді,
Кие бассын үйінді. . .

Шаруаның бір пірі – Зеңгі баба,
Сиыр берсең, сүтті бер, өңкей мама,
Қос жегуге жарамды,
Ылғи бойшаң өгіз бер,
Жұп – жұбымен егіз бер.
Бұқаларды әукелі,
Шүйделері білеудей,
Аяқтары тіреудей,
Әр түсін ыңғай сегіз бер. . .

Тілімен мұрнын жалаған,
Тілімен бойын тараған,
Көкке мұрнын шүйіріп,
Көз төңкере қараған.
Зеңгі баба өсірген-
Әукешім менің қайдасың?
Аухау, аухау!




- деп, қой иесін – Шопан ата, жылқы иесін – Жылқышы ата, түйенің пірін –

Ойсыл қара, сиыр пірін – Зеңгі баба атаған. Оларға бас иіп, әндер шығарған.

Терме дегеніміз? Ақылымен нақылы бар **өлеңді әуен**. Терме атауы қазақтың «тер», «теру» сөзінен шыққан. Терме жеті, сегіз буынды жыр үлгісінде болады. Онда күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жайттар айтылады. Терме балаларды ата-бабасының өсиетін, өмірлік қағидасын қадір тұтуға үйретеді. Әннің әуені болса, терменің де өзіне тән **мақамы (әуені)** бар. Ол белгілі ырғақпен орындалады. Терме айтушы термені көбіне домбыраға қосып орындайды. Термені орындайтын адамды **термеші** деп атайды.

Базар жырау



Базар жырау Оңдасынұлының көптеген жыраулары бар. Атап айтсақ:

- 1 Әр нәрсенің парқы бар.
- 2 Топқа түскендегі толғау.
- 3 Жақсыдан жақсы туар.
- 4 Халқым бір тыңда.
- 5 Дүние-мейман көңілім.

Айт мерекесіне арналған тілек

Он сегіз мың ғаламды
Жаратушы бір Аллаһ.
Әуелі Аллаһым бір Аллаһ.
Тілегімді қабыл ет.
Ісімді Аллаһ қолдасын
Періште болсын жолдасың.

Батамыз біздің пәк болсын
Жанұяңа бақ қонсын.
Дастарханың асқа толсын.
Мың бір атты пәледен Аллаһ сақта.
Жүз бір атты қатерден сақта.
Тілдінің тілінен сақта
Көздінің көзінен сақта.
Кезенгеннің кезінен сақта
Жер бетіндегі пәле-жаланың
Бәрінен Аллаһ сақта.
Бақ қонсын, береке келсін,
Өшпес дәулет орнасын.
Үйдегіні үйде сақта Аллаһ
Түздегіні түзде сақта Аллаһ
Айдан аман ет.
Жылдан есен ет.
Жаратушы жан Ием
Әрқашанда сізді сақ қылып
Кедергі мен кеселден
Бір Аллаһ сізді пәк қылып
Ниетінді адал, пейілінді ақ етсін.
Мен бердім бата
Қабыл етсін бір Аллаһ!
Әумин! Аллаһу Әкбар!

Ой толғау

Қай ұлт болмасын өзінің ұлттық музыкалық аспаптары болады. Музыкалық аспап белгілі бір ұлттың музыкалық өнерін насихаттаушы құрал болып табылады.

Қазақ халқының музыкалық аспаптары сан алуан. Біздің ерте заманда өмір сүрген ата-бабаларымыз аспапты ойлап тауып, қолдан жасап ойнай білген екен.

Ең алғаш пайда болған аспаптар – домбыра және қобыз аспабы. Уақыт өте келе аспаптың басқа түрлері де шыға бастайды: сыбызғы, үскірік, тоқпақ, дауылпаз, сазген, жетіген, сырнай, сазсырнай және т.б.



Халық арасында кеңінен тараған ең танымал аспап – домбыра аспабы. Домбырада әртүрлі музыкалық шығармалар орындалады. Ән, күй, терме, жыр, толғау, тіпті классикалық шығармаларды да орындауға болады.

Бұрын ел арасында небір әнші, жыршылар мен күйшілер өмір сүрген. Олар ел аралап, домбырамен тойларда ән салып, халықтың көңілін көтерген. Жаугершілік соғыс кездерінде домбырадан төгілген күй адамға рух беріп, еңсесін көтерген екен. Аты аңызға айналған ержүрек батыр Махамбет те домбырада ән салып, күй тарта білген. Ал ұлы күйшілер, күй өнерінің негізін қалаған Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Тәттімбеттердің домбыра аспабында ойнау шеберлігі туралы сөз басқа.

Домбыра аспабы, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқымен бірге жаралған деп айтуға болады. Қазіргі заманда бұл аспапта ойнауды арнайы оқу орындарында үйретеді.

Қазіргідей ғылым мен техника дамыған заманда, домбыра – ұлттық болмысты бейнелейтін символ, ұлттық музыка өнерінің жаршысы болмақ.

Домбыраның құрылымы

Домбыра негізгі үлкен үш бөліктен тұрады:

шанағы(кеудесі), мойны және басы;

- Шанақта дауыс шығаруға арналған ойық, үлкен тиек және ішекті тартып тұратын түйме орналасқан ;
- Мойын пернелерге бөлінген;
- Басында ішекті тартып бұрауға арналған екі құлақ бар. Құлаққа екі ішек тағылады. Құлақ домбыраның күйін келтіруші роль атқарады.

- Балалар, енді осы домбыра аспабында ойналып қаралы қайғыны естірткен күй туралы аңызды тыңдаңыздар.



Аңыз күй «Ақсақ құлан»

Ертеде ел билеген Хан өмір сүріпті. Бір күні оның жалғыз баласы әкесінің тілін алмай, құлан аулауға шығады. Құлан аулап жүріп, хан баласы ұзап кеткенін байқамай қалады.

Біршама уақыт өтеді. Жазық далада бір топ құлан жайылып жүр. Хан баласының атқан оғы үйірді бастап жүрген басшы құланды жаралайды. Жараланып ызаланған құлан аңшыға қарсы шауып келіп, баланы теуіп

өлтiредi. Хан бiр сұмдықтың болғанын сезiп, баласы туралы жаман хабар әкелген адамның көмейiне қорғасын балқытып құйдырамын деп уәде бередi.



Халық не iстерiн бiлмей қиналады. Сол кезде елге танымал күйшi келiп, домбыраны алады да, бiр күйдi ойнай жөнеледi. Күйдi тыңдап отырғанда, аңшылық көрiнiс, ашулы құландардың шабысы, хан баласының өлiмi көз алдыңыздан өтiп жатады. Хан болған жағдайды түсiнедi. Күйшi болған жағдайды күй арқылы жеткiзедi. Хан берген уәдесiнен таймас үшiн өзiне қайғылы хабар жеткiзген домбыраға қорғасын ертiп құйдырады... Мiне,күй күдiретi деп осыны айт!

Домбыраның шанағындағы ойық осылай пайда болған екен деседі.

Міне, балалар, қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы – домбыра туралы айтылар аңыз да, шертілер сыр да өте көп. Біз бүгін сабақта ол туралы біраз мағлұмат алдық.

9 - бөлім. Әдеп пен әдемілік



Қазақ халқымыз: «Бала балдан тәтті», «Бала адамның бауыр еті». «Бала көңілдің гүлі, көздің нұры»,-деп тегін айтпаса керек. Мұның бәрі рас. Өйткені, ата-ананың балаға деген махаббатында шек болмайды.

Әдеп- белгілі бір халықтың әдет-ғұрыпында тұрақталып, қалыптасқан этикалық тәртіп. Әдеп тәрбиесінің мақсаты-халықымыздың ізгі қасиеттеріне баланың бойына сіңдіріп, жастардың имандылық мінез-құлқын қалыптастыру. «Ал, қазақ, ел баламын десең бесіңді түзе», - деп ақын **М.Әуезов** айтқандай, әдеп тәрбиесінің негізгі отбасында ана сүтімен сіңеді. Ата-ананың тәлім-өнегесімен ештеңе теңдесе алмайды. Мұнан қорытынды шығарған бала ата-ананы ардақтап, халық пен ата-ананың да қадіріне жетеді. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты-балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні- өз ұрпағы.

Дәйексөз: «Пайғамбарымыз хадистерінде «Жеті жасқа дейін еркелет, жеті жыл оны әдептілікке тәрбиеле, жеті жыл досы бол, содан соң өз жөніне қоя бер»,- деген. Жалпы адам бейне бір тал сияқты. Қисық өсіп бара жатқан шыбықты түзету оңай, ал үлкен ағаш болғанда түзеткіміз келсе де түзете алмаймыз.

Әкем-береу, анамда біреу менің,
Мен жығылсам, сүйенер тілеулерім,

Олар барда – мереке. Көрген емен,
Қабақтарын шытқанын түнергенін
Әке-білек, саусағы-балалары,
Қан тамырмен жалғасқан аралары.
Ана-тамыр бойымен бәріне де,
Тіршіліктің жылуы таралады.

Мұхаммед Пайғамбарымыздың күйеу баласы Әзірет Әлі ибн Тәліпке айтқан мынадай өсиеттерін өнеге ретінде қабылдауымыз керек:

1. Біреуге жалған сөйлеме.
2. Біреудің аманатына қиянат жасама.
3. Уәденде тұр.
4. Біреуге жақсылық жасап, артынан істеген жақсылығыңды міндет етпе.
5. Қол астыңда істейтіндерді ренжітпе, оларды құрметтей біл. Ақысын жеме.
6. Байлыққа мастанба. Бір нәрседен жәбір көрсең шыдай біл. Қиыншылық жағдайда сабырлы бол.
7. Өзіңе ләзім болмайтын тағамды жеме.
8. Кімде – кім саған жамандық істеген күнде, жақсылықпен жауап бер.
9. Алланы аузыңнан тастама. Алланы діліңнен шығарма.
10. Тағамды көп жеме. Жұрт алдында көп күле берме. Дүниені адал жолмен, өз еңбегіңмен табуға әрекет ет.
11. Ақымақтарда үш кемістік бар:
 - Құдайдың көрсеткен жолын істемейді;
 - Көп сөйлейді;
 - Біреудің артынан өсек айтады.
12. Жақсы адамда үш түрлі қасиет бар:
 - Құдайдың алдында тура жол ұстайды;
 - Өз күнәсі үшін әруақыт кешірім сұрап, тәубе етеді;
 - Өзіне сұраған барлық жақсылықты өзгеге де сұрайды.
13. Адамдардың құрметіне ие болу үшін өзің күнә істеуден сақтан.
14. Көңілің көтеріңкі болу үшін киіміңді таза ұста.
15. Иманды бол, имандылығыңды сақта.

Хадистің өсиет сөздерінен

Ең жақсы әдет – білім алу.

Отанды сүю – иманнан. Ең басты – имандылық.

Ең жақсы адам – басқа адамның жағдайын, халін ойлайтан адам.

Ата – бабаларымыздың өсиет сөздерінен

Үлкендерге сәлем бер, ешқашан сәлеміңді үзбе.

Ата – анады сыйлай біл, бетіне тік қараушы болма. (Тіке қараған перзенттің ол дүние, бұл дүниесі жоқ дейтін еді бұрынғы қарияларымыз)
Адамдар арасында, жұмыста әрқашан кішіпейіл бол.
Кем сөзді бол, көп тыңдай біл.
Өсек сөзден қашық бол.
Жұрттың алдында өзің туралы сөйлей берме.
Біреуді сыртынан жамандама, күнәсін көтересің.
Ұрлық істеме.
Біреуге жамандық ойлама.
Әркімге сырыңды аша берме.
Досыңды құрметтей біл.
Отбасында ата – ана бір – бірін сыйлап, құрмет ете білсе, сол үйде береке болады.
Адамдықтың белгісі
Иіліп сәлем береді.
Әдепті елдің баласы,
Әдепті бала, арлы бала,
Әдепсіз бала, сорлы бала.
Адамгершілік асыл қасиет.
Әдептілік – әдемілік.
Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл, құлағы мен жағын жер.

Нақыл сөздер мен мақал – мәтелдер

Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала
«Сіз»деген -әдеп, «біз» деген –көмек.
Әдептіліктің белгісі-иіліп сәлем бергені.
Сыйластықты іздеген, Әдеп сақтар ізгі өрен,
Сыпайылық белгісі- Үлкендерге «сіз»деген.
Бос бесікті тербетпе.
Бесікті бір қолмен көтерме.
Бесікті ашық қалдырма.
Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
Көңіліне жаққанды керең де естиді.
Түйедей бойың болғанша, түймедей ойың болсын.
Абырой табам десең, кемтар бол.
Алғаш өз айыбыңды біл, кейін басқаға күл.
Алғаш ойла, кейін сөйле.



Аманат жұмыс әлекке салады.
Ақиқат аяушылық тілемейді.
Асығыстық пен ашудан ақыл күнгірт тартар.
Ақыл – кеңес, әмір емес.
Ай түнде керек, ақыл күнде.
Жақсы сөз пілді де жолға салар.
Үлгілі үйдің ұл – қызы ұялтпайды.
Сыпайы сырын сақтар.

Кемшіліксіз пенде жоқ,
Тіпті бүкіл ел де жоқ.
Болмау үшін кемшілік,
Тумау керек пенде боп...

Шүкірбай Ақназаров

Көңілдегі көрікті ойлар

Әдетте халқымыз: «Әдептілік, ар, ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы, жат – надандықтың белгісі» деп тек айтқан емес. Әдепті адам – нағыз адам да, әдепсіз адам – надан жан. Нағыз адамдықтың бірден бір белгісі – өтірікке қия баспайды. Біреулердің сыртынан өсек айтпайды. Қолынан келгенше тек жақсылық жасай біледі. Жомарт жүректі, кең пейілді боп келеді. Нағыз адамның ақылы мен пайым – парасаты аса мол болса, надан адам, ешнәрсенің парқына, байыбына бара бермейді. Ондай жандар өркөкірек боп келеді де, өтірікті судай сіміреді. Әрі біреуді біреуге айдап

салатын шағыстырушы, қуыс кеуде болады. Алла, осындай жандардан сақтасын!

Қалдыбек Сейданов

Толғағы жеткен тоқсан сөз 89 – сөз

Тәрбиеде үлкен мән бар екені ешкімге де сыр емес. «Құс ұясында нені көрсе, ұшқанда соны іледі», - деген мақал тегіннен – тегін айтылмаған. Ертеректе бір қария:

- Тәрбиенің мен білетін үш түрі бар. Біріншісі – обал, екіншісі сауап, үшіншісі – борыш. Адалдықтың ала жібін аттамаса, жақынға да, жатқа да қайырымдылық танытып, сауапқа кенелсе, ата – ана, Отаны мен ел – халқы алдындағы борышын ұмытпаса ондай ердің қасынан елі кетпес, қасында қаумалаған елі бер елге дұшпан дәнеге етпес, - деген екен.

Бала бағып қағы – ата – ананың борышы. Ұлғайған соң ата – ананы бағу – перзенттің борышы.

... Бір жігіт өзіне тиесілі жерге бидай егіп жылда мол астық қамдайды екен. Аузы жеңіл бір – екі құрдастары келіп: - Мұнша астықты қайтпексің? Одан да бізбен бірге серілік құрып, ойнап – күлсейші, - депті. Сонда диқан жігіт:

- Мен бұл астықтың бір қарызыма беремін. Екінші бір бөлегін қарызға беремін. Ал үшінші бір бөлегін келер жылға тұқымдыққа қалдырамын, - деп жауап беріпті. Оның мәнісі бірінші бөлікті ұлағатқа жеткенше ұлықтап өсірген ата – анамның ас – суы мен киім – кешегіне жаратамын. Екінші бөлікті қартайған шағымда мені бағып – қағатын балаларымның ризығына бөлемін дегені екен.
- Иә, жоғарыда қария айтқан үш қасиетті ұлықтасаң ұлылықтың аулына жеттім дей бер.

Айтуар Сабыров

Ойын. «Киіз үй» құрастыру.

Керегенің тапсырмасы: Бірлік бар жерде.....бар.(тірлік)

Бірлігі.....ел тозады,(жоқ)

Бірлігіел озады.(күшті)

Шаңырақ тапсырмасы..... тілеймін!(бақыт, байлық, денсаулық)

.....тілеймін!

.....тілеймін!

Есіктің тапсырмасы: келдіңіздер!(қош)

Мұғалім: Міне, балалар бәріміз бірлесіп жасаған еңбек нәтижесінде әдемі, жақсы тілекке толы үй құрдық. Бұл жай үй емес, достық, бірлік үйі.

Халық батыры Бауыржан атамыз : «Үш нәрседен қорқамын

- 1) Бесік жырын айтатын аналар табылмай ма?, - деп
 - 2) Ертегі айтатын әжелер табылмай ма?, - деп
 - 3) Өз тілі мен салт-дәстүрін құрметтейтін азамат табылмай ма,- деп
- қорқамын» деген екен. Осылай қауіптенуі қаншалықты орынды?



10 – бөлім. Өткен күндер

«Қанша ғасыр өмір сүрсе бұл қазақ, сонша ғасыр ұмтылды ғой елдікке», - дейді Төле би бабамыз.

Абылай сынды ақылғөй ханы бар қазақта қара қылды қақ жарған үш кемеңгер билері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің шешендік сөз үлгілеріне құлақ салайық.

Төле би: Уа, халайық, сөз қадірін білсең,
Жаңбыр жаумаса – жер жетім,
Басшы болмаса – ел жетім.
Сөз танығыш жастарға он түрлі жұмбағым бар.

Әйтеке би: Биікке шықсаң – көзің ашылады,
Жақсы мен жолдас болсаң, көңілің.

Айтыңыз ұлы аға!

Төле би: Айтсам он түрлі жұмбағым мынау – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10.

1-оқушы: Бұл не деген жұмбақ? Осындай да жұмбақ бола ма?



Қазыбек би:

- 1 дегенім – бірлігі кеткен ел жаман,
- 2 дегенім – егісіп өткен ер жаман,
- 3 дегенім – үш бөлінген ағайын жаман,
- 4 дегенім – тұрақсыз дос жаман,
- 5 дегенім – белсеніп шыққан жау жаман,
- 6 дегенім – асқынған дерт жаман,
- 7 дегенім – жас келіншек жесір қалса, сол жаман,
- 8 дегенім – серпілмеген қайғы жаман,

9 дегенім – торқалы той, топырақты өлімде бас көрсетпес, сол жаман,
10 дегенім – оңалмас кәрілікке дауа болмас деген.

Төле би: Рахмет дәл тауып шештің. Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым менің.

Әйтеке би: Тамыры суда тұрса да уақыты жеткенде қурамайтын құрақ жоқ.
Тек жақсыдан өлмейтін сөз қалады.

Төле би: Дұрыс айтасың, Әйтеке. Ал, қаз дауысты Қазыбек би мына
жиналған халайыққа не айтасың?

Қазыбек би: Өркенің өссін десең кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең, өршіл болма –
Өркенінді өшірерсің,
Аллаһуакбар.

Төле би: Уа, халқым!

Көсіле шабар жерің бар!
Ту көтерген елім бар.
Атадан қалған сара жолың бар,
Сөз қадірін біліңдер.

“Тұран жолбарысы” кезеңі

Қайран ел- ғасырларда қанға бөккен.

Ұлдарын медет тұтып, қорған еткен

Жалаңтөс Баһадүр де жанын салып,

Қазағым, қайда жүрсің қорғап өткен!

Қазақтың әйгілі батыры, аса көрнекті қолбасшысы, Самарханның әмірі
Сейткүлұлы Жалаңтөс Баһадүр. Оны «Тұранның тұғырлы тұлғасы –
Жалаңтөс Баһадүр» деп те атайды.

1. Қазақтың әйгілі батыры, аса көрнекті қолбасшысы Сейткүлұлы
Жалаңтөс Баһадүр қай жылдары өмір сүрді? Ж: 1576-1656жж.
2. Жалаңтөс Баһадүрдің туып өскен жері қай жер?
Ж: Сырдарияның төменгі ағысы
3. Жалаңтөс Баһадүрдің әкесі Сейткүл қандай болған? Ж: 40 мың
Алшындардың басын біріктірген елбасы, ірі бай, ықпалды қажы
болған.
4. 1581жылы Жалаңтөс әкесі Сейткүл қай жерге көшіп келді? Ж:Бұхар
маңына көшіп келіп, Бабата тауын қоныс етеді.
5. Жалаңтөс би Сейткүлұлы – қазақ батыры. Ертеде қай ел оны
«Баһадүр» деп атаған?
Ж: Шығыс елдері.

6. Жалаңтөс Баһадүрдің сүйегі қай жерге қойылған? Ж: Самарханнан 12шақырым жерде орналасқан Дагбит қыстауындағы зиратқа қойылған.
7. Жалаңтөс Баһадүр 1640 жылы қазақ және өзбек жерлеріне шабуыл жасаған қай елдің ханын жеңіп шықты? Ж: Қалмақ ханы Батурға қарсы қол бастап жеңіп шықты.
- 8.Жалаңтөс Баһадүр Самарқанға қандай медреселер салдыртты?
Ж: «Тіллә-кәри»(Алтынмен апталған медресе), «Ширдар» (Арыстанды медресе). Бұлар сәулет өнерінің аса көрнекті ескерткіштері болып табылады.

Қазақ билерінің шешендік сөздері

Үш ұлы би халқымыздың ынтымақ – бірлігінің мәңгі жасай берер рәміздік бейнесі іспеттес.бізге олардың бір – бірін түсінуі де үлгі – өнеге. Мына мысалға көңіл бөлмеске болмайтындай. Көрші елдің елшісін біреулер өлтіреміз, енді біреулер өлтірмейміз деп үлкен дау – талас туғанда, Төле би: «Мына көлдің алар ма еді қазын атып?» - екі серігін ақылдасу ретінде сөзге тартады. Сонда Әйтеке би: «Оғың шығын болмасын жазым атып», - деп сақтыққа шақырғанда, Қазыбек би: «Құтылмастай бәлеге қап жүрмейік, қаз екен деп перінің қызын атып», - дейді. Содан дау – түйіні бейбіт шешіліп, елшіні еліне аман – есен қайтарады.



Төле би айтқан екен...

Тары қандай жерге жақсы шығады?

Орман ағашын өгізіне сүйретіп иен далаға шыққан диқан Төреге кездесе кетеді. Биден ол тары қандай жерге егілсе мол түсімді болатынын сұрайды.

- Ана жерге, деп би алдындағы құмдық жерді қамшы сабымен нұқып көрсетеді. Шаруа сол жерге егін салады. Қырманы тарыға үйдей боп үйіліп жатқан диқанға Төле би келеді.

- Құдайдың күні көп пе, әлде менің тарым көппе? – дейді жалғыз ігізді шаруа дәулетіне мәз болып.

- Әрине, сенің тарың көп, - депті сонда Төле.

- Тарыны осы жерге екенде түсімді болатынын қайдан білдіңіз? – депті диқан.

- Тары өз жаулары: құрт – құмырсқасы, тышқаны, торғайы көп жерге көп шығады.

Татулықты малдан үйрен

Іргелес отырған Жантау мен Жантан аулының екі жігіті шабындыққа таласып, қатты ұрысып қалады. Ақырында бірін – бірі көрмеуге серт берісіп, екеуі де ат кекілін шорт кеседі. Ай өтеді, жыл өтеді. Бірақ екеуі татуласпай қояды. Әкелері мен аталарының ақыл – кеңесіне мойынсұнбайды. Осыны естіген би араздасқан жігіттерді шақыртады. Төле үйіне екі жақтан келген екі жігіт аттарын бір қазыққа байлап үйге кіреді. Тізе бүгіп, биге қол беріседі. Би ләм – мим демей, екі жігітпен сыртқа шығады.

- мына екеуінің татуын – ай, дейді. Төле бір қазыққа қасынып тұрған аттарды көріп, - Кекілдері де қалпына келіпті.

Бидің осы сөзінен соң – ақ екі жігіт қол алысып татуласады.

- Жолдарың болсын! – дейді оларға би.

«Тордағы бұлбұл сайрамайды»

Үлкен той – тамашада жас келіншек төңірегінен именіп өлең айта алмай қалады. Еріне жаутаңдап қарай береді.

- Қыз кезінде алдына жан салмайтын әнші де, ақын да еді, енді мынау суға түскен тауықтай боп отырғаны – дейді Төлеге қабырғаласып отырған біреу сыбырлап.

- Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық, - дейді би.

- Ол не дегеніңіз, Төке?
- Торға түскен бұлбұл сайрамайды.

«Шайтанға жа жетпепсің...»

Биге сәлем беруге келген егделеу кісі қоңсыластарының ұрлық – қорлығын ешкімге айтпайтынын сөз етеді.

- Ұрының қорасына ұры түсіп жатса да көз жұмып, езу тартпай өте шығамын,
- дейді ол.
- Шайтан құрлы болмаған екенсің. Ұрының қалтасына ұры түскенін көргенде шайтан да ішек – сілесі қатқанша күлді, - депті.

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

Уа,халқым,сөз қадірін білесің
Жаңбыр жаумаса,жер жетім,
Басшы болмаса,ел жетім.

Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса?
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса?
Хандықтан не пайда,
Қарашасын жалмаса?
Молдалықтан не пайда,
Шариғатты өзгертіп,
Нашарларды алдаса?

Әйтекемнің барында,
Дақ түспейді арыма.
Өскен жастан серік боп,

Халқымның мұң – зарына.

Қаз дауысты Қазбек

Қазақ деген халық, мал баққан елміз,
Жерімізді жау баспасын,
Елімізден құт қашпасын деп
Найзамызға үкі таққан елміз.
Бірақ басымыздан намысты
Асмырмаған елміз,
Әкенің айтатын өсиетін балаға,
Баланың беретін антын анаға,
Арымнан жаным садаға.
Хандардың қайталама қателерін,
“Ұлт бол” деген нығайтып қатарларын
Мағжан мен Мұхтар, Жүсіпбектің,
Ұмытпа ешқашанда баталарын.

Құт берекең- атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат.
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың- әкең қымбат.

Шыққан күндей бұлттан,
Баршамызды жылытқан.
Қадірлі кім бар Төкеңдей,
Жүгімізді алған иықтан.
Жол тапқан тұман – тұйықтан,
Сөзіне жұртты ұйытқан.
Қадірлі кім бар Төкеңдей.
Жау келсе, асып – саспаған
Сауға сұрап қашпаған.
Қадірлі кім бар Төледей,
Үш жүздің қолын бастаған.

Әйтеке би

Төледей әділ биді көргенім жоқ,
Соңынан жайдан – жайға ергенім жоқ.
Өзіңе ұқсап, қасарып ерегесте,

Намысын елдің қолдан бергенім жоқ.

Биікке шықсаң көзің ашылады,
Жақсыиен жолдас болсаң,
Көңілің ашылады.
Кекшіл болма.
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма – Өркенінді өшіресің.



«Әйтеке биге арнау»

Шешендік пен әділдікті жырлаған,
Үш жүзді де білгірлікпен торлаған.
Әр жүз жылда бір –ақ туар арыстар,
Қазағымның даналары – тұлғалар.
Әр қазаққа қымбат, әрі мақтаныш,
Ел билігі көңілдерге жұбаныш.

Мәңгі өшпес із қалдырып артына,
Әділ билер өтті атам заманда.
Үш жүз елін іргелі ел санатқа,
Қазақ атты ұлт аталмыш қанатқа.
Тұтастырып мақсаттарын бірыңғай,
Дана билер ел билеген әманда.
Ынтымағын өз жұртының сақтауға,
Ата – салтын тапқырлықпен ақтауға,
Озық, алғыр әрі терең ақылмен,
Парасатпен, ділгірлікпен жақтауға.
Дайын әркез ақыл – кеңес сөздері,
Иін тірер қиындықта өздері.
Ұлыстың ұлы, көсем билері,
«Жеті жарғы» қалған мұра іздері.
Құрылтайы үш жүздің Күлтөбеде,
Өтетұғын жиыны сол төбеде.
Қарлығаш би – Төле би бабамызбен,
Қаз дауысты Қазыбек данамызбен,
Кеңесі бұл билердің көпке жаққан,
Жер, құн, жесір даулары шешім тапқан.
Екі көсем шикілік жасай қалса,
Үшіншісі әділдігі қолдау тапқан.
Шежіресі Жанарыстың Төртқарадан,
Қарашының баласы Сейітқұлдан.

Самарқандты билеген Жалаңтөстің
Немересі Әйтеке - Байбек ұлдан.
Шын аты – Айтық Байбекұлы,
Кіші жүздің намысшыл, сөзшең ұлы.
Тапқырлығы дарыған жас кезінен,
Мақал – нақыл сөздері аса құнды.
Әр адамға қадірлі, қасиетті,
Өнерімен өз елін етті тәнті.
Есімі ел есінде, тілде дастан,
Даламның желбіреген туы іспетті.
Қастерлеп еске алғанда дана биді,
Зиярат еткім келер Нұр өңірді.
Бейітін тәуіп етіп кесенеде,
Рухын шат еткім келер көріп Нұрды!
Көңілге медеу болар оқып дұға,
Кіші жүзді басқарған - бисің Аға!
Күллі қазақ қауымы тойлағалы,
Келіп жатыр думанға көсем Аға!

Пердегүл Жораева

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады,
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады,
Масылдан малықпас туады,
Тілазардан қалжақпас туады,
Таздан жарғақпас туады,

Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады.

Майқы би

Еңсесі биік, елдігі ғажап,
Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ.

Бұхар жырау

Өңкей батыр жиыл деп,
Хан абылай шақырды.
Бір төбеге жиылды,
Құм төбедей үйілді.
Бөліске олжа түссін деп,
Хан Абылай бұйырды...
Басыңа біткен күніңіз,
Құтты болсын ұлыңыз,
Хан Абылай атандық.
Дүниеден шықпай мініңіз,
Алтын тақтың үстінде,
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге,
Ешбір жаман қылмадың.
Әдепті іске кірдіңіз,
Әділдікпен жүрдіңіз,
Арманың бар ма, хан ием.

Бұхар жырау

Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,

Аздырар адам баласын.

Абай

Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.

Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойына жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз,

Бар тамырды қуалар.

Абай

Ғазел мүлкінің сұлтаны – Әлішер Науаидың бәйіттерінен үлгілер

Қамықпа, қапаланба көңіл бекер,

Бір ем тап азасын жеңілдетер.

Ұқсайын өлең – сөздің патшасына,

Жадырат, әнші – күйші, жет қасыма.

Ей, Науаи, дүние жалған, байқап қара,

Ақ сөйле, тәңір алдында тайсақтама!

Қадірін ғұламаның ғалам білмек,

Ешқашан көптік етпес оған құрмет.

Жоқшылық жомарттықты бөгей де алмас,

Ер жігіт жаны дархан кедей болмас.

Кім дейміз пасықтарды пақыр демей,

Болса егер парасаттан тақыр кедей.

Ежелден кісіліктің бағасы артық,

Тұқыртпас тұғырыңды аласартып.

Мұратын ізгіліктен тапсын әркім,

Соңынан жұрт ереді жақсылардың.

Жайсаңның жанынан нұр төгіледі,

Халқына қасиетті көрінеді.

Адамдық асырады ердің нарқын,

Ез құнсыз уысында тұрса да алтын.
Қайырсыз қазынасы кімді ондайды,
Сараңда көк тиындық құн болмайды.

Тағдырымыз ұқсас біздің ғажап бұл,
Ұқсас тағы жыршыл көңіл сұңқары.
Науаи жыры – аяулысы қазақтың,
Абай жыры – бар өзбектің іңкәрі. Абдулла Арипов

11 – бөлім. Кәсіптің бәрі жақсы



- Ең жасыл мамандық;
- Ең тәтті мамандық;
- Нағыз ақшалы мамандық;
- Ең күлкілі мамандық;
- Нағыз бала мамандығы;
- Нағыз адамдармен көп араласатын мамандық;
- Ең ауыр мамандық;
- Ең салмақты мамандық.

12 - бөлім. Ұлылардан ұлағат

Біздің абыз бабаларымыз бүгінгі ұрпаққа ұлан-байтақ даланы, құс ұшырса қанаты талатын қазыналы жерді ақыл-парасат, ойлы да арлы

адамгершілік қасиеттері арқасында ғана мұра етіп қалдырған. Олардың өнегесін ұлағат тұтқан ұрпақтар да өмір көшінде бабалар арманын жалғастырып келеді. Болашағымызбен өткен жетістіктеріміздің алтын қазығы – қариялар.

Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: «Атадан қалған асыл сөз»

- «Аталы бала-ақылды» деп аталады екен. (Көрініс)



Жігіт:

- Ата! Қол бастау қиын ба?
Жол бастау қиын ба?
Сөз бастау қиын ба?

Қарт:

- Е, балам! Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса,
Жол бастау қиын емес,
Соңыңнан ерген елің болса,
Бәрінен де сөз бастау қиын.
Тауып айтсаң, мереке қылады.
Таппай айтсаң, келеке қылады.

Жігіт:

- Дұрыс айтасыз, дұрыс айтасыз.

Қарт:

- Е, балам! Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады.
Су түбінде жатқан сөз жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз шер тарқатса шығады.

Жігіт:

- Рахмет, ата!

Қарт:

- Ақылды бол, балам!
Ұлағатты сөздер өте көп.

Әділ төре ел бастар,
Аға жігіт қол бастар.
Батыр жігіт жау бастар.
Шешен адам сөз бастар.
Құсты жисаң бүркіт жи,
Қыс тоныңды түлкі етер
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас-тозбас мүлік етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Бүкіл алаңға күлкі етер.
Балаларым, сөз кезегін түйіндейтін болсақ,
Ақыл адамды аздырмайтын ем,
Білім – таусымайтын кен.

- Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі талап
Шолғыншысы – ой
Жолдасы – кәсіп
Қорғаны – сабыр
Қорғаушысы – мінез болуы керек.

1-оқушы:

- Атам менің әманда
«Әдепті жан бол» деген
Ата сөзі санамда,
Жасы үлкенге жол берем.
Алдын орап кісінің,
Кесіп өтпе көлденең
Ізетімен кішінің,
Сәлемдесіп қол берем.

2-оқушы:

- Атам менің әманда
«Кішіпейіл» бол деген
Ата сөзі санамда,
Мақтанбауды жөн көрем
Атам менің әманда
«Әділетті бол деген»
Ата сөзі санамда,
Жүремін тура жолменен.

3-оқушы:

- Атаң болса анаңмен –

- Алтыннан соққан қорғаның.
Санаң болса ақылды
Ешкімнен кем болмадың.
Інің болса, мақтаныш
- Семсер қылыш, білегің
Ақылды қыз, ақылды ұл-
Өкпе-бауыр жүрегің.

4-оқушы:

- Ата-бабаң ардақты
Жамандыққа бармапты.
Ардақ тұтып үлкенді
Ата жолын жалғапты.

Көрініс:

Бала:

- Ата, табиғат жаратқан дене мүшелеріміз не үшін керек?

Қария:


- Екі көзіміз жақсыларды көру үшін,
Екі қолымыз елге көмек беру үшін.
Құлақ деген ақыл-кеңес тыңдау үшін,
Жүрек деген жауларыңнан қорықпау үшін.
Тіл мен жағың ақиқатты айту үшін,
Ал аяғың шетте жүрсең туған жерге қайту үшін керек.

Мұғалім:

- Келесі бөлімнің қалай аталатынын білу үшін жұмбақтар шешейік.
Айтары мол ғұлама,
Көп жасаған бұл адам
Әкесі ол әкеңнің,
Білер соны сұраған.
Ол кім? (Атаң)
Аймалайды «күнім» деп
Мейірімді жүзі күлімдеп
«Тәтті-ақ» дейді немере,
«Бал-шырындай үнің» деп.
Ол кім? (Әжең)
Атаңның баласы
Асқар тау қорғаның.
Анаңның серігі
Панаң ғой ол сенің.
Ол кім? (Әкең)

Әлпештеп өзінді өсірген
Нағашы әженің баласы
Біреуге ибалы келін де
Бұл күнде жиеннің анасы.
Ол кім? (Анаң)

- Отбасының қос шынары «Ата мен әже» және «Әке мен шеше екен»



- Келесі бөлім, «Бабалар сөзі – даналық көзі» деп аталады.
Төле би, ер Қазыбек, тілді Әйтеке,
Асқар тау Қазыбектей білімді еді.
Бірі – күн, бірі – туған айдай болып,
Заманға сәйкестеніп келіп еді ... Қазанғап.

- Ендеше, бабаларымыздың шешендік сөздерін тыңдайық.
Әйтеке би:

- Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.
Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бәлеге жолығады.
Жол қуған олжаға жолығады.

Төле би:

- Бақ – ұзатылған қыз,
Байлық – еритін мұз.
Бала – артта қалған із.
Өмірдің адамға ең жақын сыйы –
Сыйласқан сіз бен біз.

Қазыбек би:

- Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басынан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген

елміз, дәм-тұзымызды ақтай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітім айт, не тұрысатын жеріңді айт.

5-оқушы.

- Сіздердің асыл істеріңіз
Ғасырлар бойы тынбайды.
Аңыз-дастан жырлардан
Жастар оқып, тыңдайды.
- Шешендік сөздерге кезек берейік.
Шешеннің сөзі - алтын
- Не қиын?
- Не жақын?

6-оқушы.

- Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын,
Шанышқылаған сөз қиын,
Тыныштықпен өмір сүрмеген
Бәрінен де сол қиын.

7-оқушы.

- Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса досың жақын
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың шөберең жақын

8-оқушы.

- Тату болса ағайын жақын,
Ақылшы болса апайың жақын.
Бауырмал болса інің жақын.
Инабатты болса келінің жақын.

9-оқушы.

- Жанашырың жоқ болса,
Жатпен жалғыз жүрмеңіз.
Қостаушыңыз жоқ болса,

Үндемей-ақ тұрыңыз.

10-оқушы.

- Жар басына қонбаңыз,
Жар құласа үй кетер.
Дұшпанға сырды айтпаңыз,
Жамандық қылса бас кетер.

Келесі бөлім «Білгенге маржан» деп аталады.

Көп нүктенің орнына керек сөздерді қойып, мақал-мәтелдерды оқимыз.

Туған жер-(алтын бесік)

Өз үйің-.... (өлең төсегің)

Ерді ер таниды

Елді –(ел таниды)

Ер - елдің көркі,

..... - жердің көркі (өсімдік)

Бала бауыр еті (адамның)

..... қадірін, (ата-ананың)

Балалы болғанда білесің.

Асыл ... шығар, (тастан)

Өнер жастан шығар.

Абай атамыз: «Естілердің сөзін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады»деген.



11-оқушы.

- Бал салмаса – ара қасиетсіз.
Жанбай қалған – шала қасиетсіз.
Әдепсіз болса – бала қасиетсіз,
Әділетсіз болса – дана қасиетсіз.
Көк шықпаса – жер қасиетсіз
Ойсыз болса – ер қасиетсіз
Жылуы болмаса – түбіт қасиетсіз,
Жігері болмаса – жігіт қасиетсіз.

12-оқушы.

- Жерден ауыр не?
Судан терең не?
Оттан ыстық не?

Көктен биік не?

13-оқушы.

- Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім.
Судан терең дегенім – оқу ғылым.
Оттан ыстық дегенім – адам өмірі.
Көктен биік дегенім – тәкәппардың көңілі.
- Не жетім?
- Не қымбат?

14-оқушы.

Тоғыз жетім бар

- Өмірде ата-анасы жоқ бала жетім.
Халқына сенімсіз болса – хан жетім,
Суы жоқ болса – құдық жетім,
Ұлы жоқ – әке жетім,
Қызы жетесіз болса – ана жетім,
Досы жоқ – жігіт жетім,
Шәкертсіз ұстаз жетім.
Жаңбыр жаумаса жер жетім,
Басшысы болмаса ел жетім,
Ұқпасқа айтылған сөз жетім.

15-оқушы.

- Не қымбат?

16-оқушы.


- Алтын ұяң – Отан қымбат.
Құт береке, атаң қымбат
Аймалайтын анаң қымбат
Асқар тауың әкең қымбат
Бәрінен де ұят пен ар қымбат.
- Айқынның орындауында «Жаса, Қазақстан» әнін тамашалаңыздар.

Бекіту:

- Атадан қалған асыл сөздерге не жатады екен?
- Ертегілер, аңыздар, өтірік өлең, мақал-мәтелдер, нақылдар жұмбақтар, айтыс, шешендік сөздер, жаңылтпаштар, ырым-тыйым сөздер жатады.

18-оқушы.

- Ниет-ықылас білдіру
Әр адамға аманат.
Ата-баба дәстүрі –
Батаны біл жамағат!



Қазақтың халық жұмбағы

Алты арқар, жеті қаз, төрт бөдене
 Кейде толы, кейде орта бір тегене.
 Тұнық пен лайдың арасынан
 Бір аққу шыға келді құсқа төре

Жұмбақтың шешуі:

*Үркер, Жетіқарақшы, Босаға жұлдыдары,
 Айдың орта және толық кезі, күндіз бен түн, жаңа шыққан Күн*

Білесің бе?

1 - асық . Мал жіліктерінің атауын айт.

I. Қол жіліктері: 6

1. Кәрі жілік – 2
2. Күң жілік – 2
3. Жауырын – 2

II. Сан жіліктері: 6

1. Асықты жілік – 2

2. Тоқпан жілік – 2

3. Жамбас – 2

2 – асық. “Жеті атасын білмеген жетесіз”

Жылдар-жылдар тарихтың мол беттері,

Сен әкелген жақсылықтар көп тегі.

Көңілінді шат сезімге баурайды,

Халқымыздың бүгіні мен өткені. .

Қонаққа ет тарту рәсімі қалай?

1. Құда табақ: бас, жамбас

2. Күйеу табақ: төс т.б.

3 - асық. Төрт түлік мал пірінің аталуы қалай?

1. Түйе – Ойсылқара

2. Жылқы – Қамбар ата

3. Қой – Шопан ата

4. Ешкі – Шек-Шек ата

5. Сиыр – Зеңгі баба

4 - асық. Қазақша ай аттарының аталуын айту керек.

1. Қаңтар 7. Шілде

2. Ақпан 8. Тамыз

3. Наурыз 9. Қыркүйек

4. Сәуір 10. Қазан

5. Мамыр 11. Қараша

6. Маусым 12. Желтоқсан

5 - асық. Төрт түлік мал төлдерінің аталуы қандай?

I. Жылқы - құлын

II. Сиыр - бұзау

III. Қой – қозы

IV. Ешкі – лақ

6 - асық. Жыртқыш құстардың атын ата.

Бүркіт, лашын, қыран, қырғи.

7 - асық. Қазақ халқының салт-дәстүр, той-томалақтарын атап шық, біреуін түсіндір.Бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, сүндетке отырғызу, беташар, көкпар, той бастар.

8 - асық. Аттың ер-тұмандарына нелер жатады?

Жүген, ішкілік, тоқым, ер, үзеңгі, аткөрпе, тартпа, қамшы.

Қазақ халқының тарихында қандай хандар, батырлар, билер, шешендер өткен?

Хандар: Абылай, Әбілхайыр, Тәуке, Жәңгір т.б.

Батырлар: Сыпатай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б.

Шешендер: Жиренше, Бөлтірік т.б.

Билер: Қаз дауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке би т.б.

Үш ұғым туралы сұрақтар

1. Үш жүз: Ұлы, Орта, Кіші
2. Үш арсыз: Ұйқы, тамақ, күлкі
3. Үш даусыз: Мінез, кәрілік, ажал

Жеті атаны талдап беру.

Ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.

5 асыл мен 5 дұшпанды ата.

Бес асыл мыналар: талап, еңбек, терең ой, қанағат ету, рақым жасау.

Бес дұшпан мыналар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.

Ұлттық ойындардың түрлері:

Ақсүйек, асау үйрету, арқан тарту, тымпи, сақина салу т.б.

Асық ойыны және құмарпаздық Үш табан

Әбіләкім бастаған постты жалғастырып менде асық ойыны ережелері мен асық ойыны туралы жазуға кірісітім. сонымен, Үш табан — 2 немесе 4 бала (төрттен көп болмағаны жөн) әрқайсысы 1 (2) мүжік асықтан тізіп ойнайтын ойын. Ойын күндіз, далада тақыр жерде ойналады.

Ату кезегі сақаларды иіру арқылы анықталғасын, бірінші сақасы алшы тұрған бала тізілген асықтардың бір жақ бетіне шығып, қашықтау (тізілген асықтан есептегенде 2,5 -3 метрден жақын болмауы керек) жерге сақасын иіреді. Сақасы алшы немесе тауқа тұрса, тізілген асықтарды атады. Атқанда асыққа тигізіп қана қоймай, оны табанмен санағанда (адым емес) 3 табан қашықтықтан асыра кетіруі тиіс. Сонда ғана ол кетірген асығын алады және ойынды жалғастырып, сақасы тоқтаған жерден тағы атады. Егер тигізе алмай қалса, сақасы тоқтаған жерінде тұрады. Кезекті екінші бала алады. Ол біріншіге қарама-қарсы жаққа барып, сақасын иіреді, (сақасы тұрса, асықты атады) немесе түптен, яғни өкшесін асық тізілген сызықтан қойып тұрып, бірінші баланың сақасын көздеп атуына болады.

Егер ол біріншінің сақасына тигізіп, 3 табан өлшемнен асыра кетірсе, бірінші бала ойыннан шығады да, ортаға тізілген асықтардың біреуі екінші

балаға тиесілі болады. Ол да ойынды сақасы тоқтаған жерден жалғастырып, тізілген асықтарды атады. Тиген асығын тиісті қашықтыққа ұшырса, алады. Үшінші бала да қаласа, екіншінің сақасын атады. Қаламаса, екіншінің сақасына қарама-қарсы, тізілген асықтардың екінші жағына 2-3 метр немесе одан да көп қашықтықта сақасын иіреді. Алшы не тауқа тұрса, тізілген асықты атады. Сақасы тұрмаса, түскен жерінде тұрады. Енді алдыңғы екеудің бірінің сақасын ату құқығына түптегі бала ие болады. Бірақ оның таңдау құқы бар. Қаласа, түптен үш табан салып, санайды да сол жерден әлгі сақаны атады. Қаламаса, түпке сақасын иіреді. Егер алшы/тауқа тұрса, түптегі асықтарды шертуге құқық алады. Бұл іс жүзінде ұтысты білдіреді. Өйткені, асық ойынында шерту ең оңай тәсіл саналады. Егер сақасы тауқа не алшы тұрмаса, ойыннан шығып қалмаған балалар кезек ретімен асықты атады. Бұл кезде де жоғарыда айтылған тәртіп ереже-сақталады. Тек бірінші атқан бала асыққа тигізе алмай қалса, сақасы барған жақта тұрған екінші бала қаласа, әлгінің сақасын «күйдіреді», қаламаса ортадағы асықты атады. Ал түптегі бала екі жақтағы сақаның жақын түскенін өзіне сенсе, атуына болады, бірақ бұл жолы үш табан салмай, түптен тұрып атады. Ойын осылай тізілген асық біткенше жалғаса береді. Мұндайда бірінші не екінші бала мерген болса, ойын кейде 2-3 минутқа ғана жалғасады.

Хан талапай

Ойынға 5-10 бала (ересек кісілер де) қатыса береді. Бұл ойынды үй ішінде тықыр жүнді кілем, киіз, тықыр алаша үстінде отырып ойнаған ыңғайлы болады. Көбіне кешке немесе түнде ойналады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» болады. Ойынды бастайтын бала санамақ арқылы айқындалады. Барлығы бірдей 5 немесе 10 асықтан ортаға шығарады (тігеді). Ойынды бастаушы асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған ойыншылардың алдына шашып жібереді. Ойыншылар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тауқа түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ

саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. Яғни бүкті бүкпен, шікті шікпен, тауқаны тауқамен, алшыны тек алшымен атады. «Ханды» жатысы «хандыкіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тисе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал «хан» алшы түссе, балалар жарыса «хан талапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды. Ал хан алшы тұрмаған жағдайда, ойын өз ережесімен жалғасады. Ойын соңында бір-бірімен ататын асықтар қалмаса, сол кезегі келіп тұрған ойыншы асықтарды қос уыстап алып жаңадан иіреді. Солай ойын жалғасады. Жеңіліске ұшырап, барлық асығынан айырылып қалған ойыншының басынан «тоқетер», «тазтырна» сияқты жаза түрлерін алуға болады. Осылайша ойыншылардың барлығы асығы түгесіліп жеңімпаз анықталғанша ойынды жалғастыра береді.

Шіркін осы хан талапай ойынын біздің ата-апаларымыз қартайса да бізбен ойнаушы еді... Яғни бұл ойын жас таңдамайды екен. Бір жолы қыстыгүні түннің бір уағына дейін (сағат 2-3) хан талапай ойнағанымыз есімде. Сонда ойыншылар Апам (жасы сол кезде 70-71), апамның інісі (жасы 55-60 шамасында), мен, қарындасым, көрші үйдің менен 2 жас кіші баласы, мамам, папам... Ойын сондай қызық болды... Мәңгіге балалығымнан бір сәт болып есімде қалды. Ойын арасында апа мен Мұсылманкүл атам (апамның інісі) ертеде өткен кеткен талай қызықты әңгімелерін айтты.

Сол көп әңгіменің ішінде біреуі қазір жақсы есімде қалды. Ауылда бір кісі болған екен (аты қазір есімде жоқ). Сол осы асықпен ойналатын ойынның бір түрі "құмар" ойынын ойнап, ең соңында үйіндегі қатынына дейін ұтқызып жібере жаздағанын әңгіме қылып бергенді. Ол жігіт құмарға барлық атасының түйесін, қойын ұтқызыпты. Ең соңында үйіндегі жас келіншегін тігіпті. Соңында одан да ұтылыпты. Әккі құмаршылар пәлен

күні барып, қатыныңа болған жайды айтпа, оны өзіміз алып қашып кетеміз, уәде уәде, ойынның шартын жақсы білесің, сен мыңқ етіп үніңді шығармайсың дейді. Жігіт үйіне мысы құрып сөлпиіп келеді. Сонда да әйеліне жаны ашып "үйге кісі келіп, сырттан шақырса, шықпа теріс қараған күйі жауап беріп отыра бер" дейді. Әйелі неге деп сұраса айттым болды солай жаса деп үйінен шығып, мал іздеп қаңғырып кетеді. Бірнеше күннен соң үй сыртынан бір кісілер дауыстап шақырады дейді. Әйелі күйеуінің айтқаны есіне түсіп был етпей бұл кім-ә кіріңіз үйге деп отыра береді. Құмаршының бастығы үйге кіріп келгенде теріс қарап отырған әйелді көріп «түһ сайтан айтып қойған екен ғой» жарайды бұл бұйырмады деп атына қонып кері қайтып кетеді. Сөйтіп жеңгеміз құмарға сатылып кетуден аман қалған екен.

Енді жігіттер, осы асықпен ойналатын азартный "құмар" ойынының ережесімен таныс болыңыз:

Құмар

ҚҰМАР. Ойынға 2-4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болуы керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға ұтыс жүлде тағайындап алады да, кезек-кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші: төрт бүк, не төрт шік, не төрт алшы, не төрт тәйке түсірсе, жүлденің жартысын алады, төрт асық төрт түрлі түссе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді.







Ұлттық салт – дәстүрлеріміз үлгілерінен

Шілдеhana – бала туылған үйде болатын той. Оған ағайын – туыс шақырусыз баратын болған. Барғанда құр бармайды, сүйіншіге беретін көрімдігін, балаға атаған малын алып баратын болған.

Кіндік шеше – баланың кіндігін кескен адам. Ол жақсы мінезімен елге ұнамды, қолы жеңіл адам болуы керек. Халық ұғымында бала кіндік шешесіне тартып туады деген ұғым бар.

Қалжа – босанған анаға арнап сойылатын мал. Оның мойынын бөлмей, мүжіп, керегеге іліп қоятын болған. Сонда баланың мойыны тез бекиді деп сенген.

Ит көйлек – жаңа туған нәрестеге кигізетін киім. Оны жұмсақ матадан, тігісін сыртқа қаратып тігіп кигізген. Жаман ырым деп түсініп, бұрын халқымыз туылмаған балаға киім тікпеген.

Балаға ат қою – ең жауапты кезең. Бұған қазақ халқы ерекше мән берген. Адамның атынан кейде көп жай аңғарылып жатады. Қазақта адамның аты кейде туған жеріне байланысты, кейде бала өмірге келген кездегі оқиғаға, кейде үміт артқан ақ тілеумен, тіл – көзден сақтау ниетімен қойылады.

Жас нәрестеге заман ағымына сай жақсы ат қойылуы тиіс. Өйткені өзіне берілген есімді жаңа сәби өмір бойы иемденіп өтеді. Сондықтан балаға ат қойғанда ойланып, ақыл қоса отырып шешкен жөн.

Бесікке бөлеу - нәресте өміріндегі жаңа белес. Баланы бесікке бөлеуді балаларына жақсы тәрбие берген елге қадірлі, көп балалы немере – шөбере сүйген анаға тапсырады. Мұның өзі шағын той түрінде өткізіледі. Бесікке бөлеу құрметіне ие болған адамға сый көрсетіледі.

Мойнымдағы маржаным,

Қорадағы мал – жаным,

\бесігіңе жата ғой,

Тәтті ұйқыға бата ғой.

Балам жатсын бесікте,

Бәлесі қалсын есікте.

Баланы қырқынан шығару – қырық күн ішінде ананың жас баласын қалай күткенін әйгілейді. Онда баланың туғаннан бергі шашы мен тырнағы алынып, шомылдырылады. Баланы қырқынан шығару ауылдағы қадірлі аналардың біріне жүктетіледі. Оған да сый – сияпат көрсетіледі.

Тоқым қағар – баланың еңбектегі тырнақ алдысы. Шамасына қарап, еңбекке араласып, мадақтауға арналған той. Онда жиылған жұртқа баланың он үш жасына дейін өткізілетініне оқушылардың назарын аудару тиіс. «Қызға қырық үйден тыю, ұлға отыз үйден тыю» дейтін қазақ он үш жасына дейін «үлкен кісінің алдынан кесіп өтпе», «үлкеннің сөзін бөлме», «босағаны

керме», «малды басқа ұрма», тағы басқа толып жатқан қағидаларды бала бойына сіндіріп өседі.

Мүшел жас – қазақша жыл қайыруға байланысты әрбір он екі жылдан соңғы жыл «мүшел жыл» деп аталады. Мұны тура мағынасында түсінбеу керек. Әрбір ата – ана ер жеткен баласына тұрмыс тұтқасын ұстай алады, мал – жанға ие болады деген үлкен үмітпен қараған.

Ұрпақ – қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Жанған отын сөндірмей, түгінін түтететін артында тұяқ қалмауы кімге болса да қайғы – қасірет. Қазақтың батырлық жырларында басты мәселелердің бірі – бала туралы, перзентсіздік, бақытсыздық жырланады.

Даналық сөздер

Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерінен:

v Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, жауды күйрете алмайсың.

v Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

v Сабырлылық алдында дұшпан сасады, сабырсыздан береке қашады.

v Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын

v Отан үшін отқа түс күймейсің.

Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен үркер күшім жоқ,-деп ер қайратыңа мін дағы, өрге бас. М.Әуезов

Тауды биік демендер,

Талаптансаң шығарсың.

Жауды мықты демендер,

Ерлік қылсаң жығарсың. Н.Байғанин

Тыныш кезде бұзаудай момын бол, ұрыс кезінде аш қасқырдай шап!

Рашид-әд-дин

Алып – жауда көрінер,

Байсалды – дауда көрінер. М.Қашқари

Ердің аты айқаста шығады. Ю.Баласағұни

Ердің ұлы – соғыста. (Көне ұйғыр жазуы ескерткіші)

Батырлардың мықтысы қарушы болады,

Жігіттердің сұлуы бауыршы болады.

ҚұтыпҚару-жарақ сайланса – ат табылар, қаруын ұмытса - қапасқа түсер.

М.Қашқари

Жауды төмен санасаң – басқа шығар:

Жай қалдырсаң елемей аз жауыңды –

Жаулар елді, шағып бір күн тауыңды. М.Қашқари

Бытырай қашса жау оңбас.
Шоқпары бар жауға темір қалқан сайла.
Бүгін атар оғың болса, ертең жауың оқ ата алмайтындай қыл.

Ю.Баласағұни
Ю.Баласағұни


Жау көргенде алып ер арыстан болар.
Қару-жарақ табылса, қарманып мінер табылар.
Сауыт күші – қылышпен қылшылдатып ұрғанда,
Аттың күші – жігітті алып шығып тұрғанда.
Жаумен жағаласа түсу оңай, ажырасу қиын.
Осал көріп көп дұшпанның дүрмегін,
Бос үмітпен қапы қалып жүрмегін.
Жау ақылын тыңдауға болады, алуға болмайды.

С.Сарайи
Ю.Баласағұни
А.Йүгінеки

Қорқыт
Рашид-әд-дин

Ю.Баласағұни
С.Сарайи

13 - бөлім. Күлімде, күн, күлімде



Қанатты сөздер мен мақал - мәтелдер

Тіліңмен жүгірме, Біліміңмен жүгір.
Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні кәріп.
«Ұйқасын тап» ойынын ойнату.

Өзінше ноян,
Қорқақ кім?... (қоян)
Бата алмас түлкі,
Үсті тікен... (кірпі)
Алмастан тыным,
Шабалды.... (құлын)

Жағасында бұлақ,
 Жайылып жүр... (лақ)
 Сылдыр қағып,
 Таудан құлап.
 Жатыр ағып,
 Мөлдір... (бұлақ)
 Дертке дауа, шипалы,
 Витаминді күш – қуат.
 Дәрімен құртпай жүйкені,
 Ауылға бар, іш... (шұбат)
 Үні ғажап,
 Дүлдүл,
 Бақта сайрар... (бұлбұл)



Жұмбақтар әлемінде

Сәбиге сәнді үй
 Анаға ән – күй. (Бесік)
 Бар екен бір мақұлық қаны қашшан,
 Сақылдап адам келсе аузын ашқан.
 Болғанда отыз омыртқа, қырық қабырға,
 Бұны тапқан адамның ақылы асқан. (Киіз үй)
 Суға салсақ батпайды,
 Ішіне салған заттарды,
 Аман – есен сақтайды. (Сандық)
 Түнде жазылып қызметте болады,
 Күндіз жиылып ізетте болады. (Көрпе – төсек)
 Жылға дер ем ақпайды,
 Жылан дер ем шақпайды. (Арқан)

Бүгін қай күн?



Өлеңін жазған: Ш. Мұхамеджанов

Әнін жазған: С. Мұхамеджанов

1. - Бүгін қай күн?
 - Дүйсенбі.
 - Ертең қай күн?
 - Сейсенбі.
 - Оят онда Дүйсенді,
Оят онда Сейсенді,
Сабағынан қалмасын.
2. - Бүгін қай күн?
 - Сәрсенбі.
 - Ертең қай күн?
 - Бейсенбі.
 - Оят онда Сәрсенді,
Оят онда Бейсенді,
Сабағынан қалмасын
3. - Бүгін қай күн?
 - Жұма ғой.
 - Ертең қай күн?
 - Сенбі ғой.
 - Тұрсын онда Жұмажан.
Тұрсын онда Сенбіжан,
Сабағынан қалмасын.

4. - Бүгін қай күн?

- Жексенбі.

- Демалыс та тез келді!

- Оят онда Жексенді,
Дүйсен, Сейсен, Сәрсенді,
Асыр салып ойнасын.



«Қыр мен тау» (мысал) Мекембай Омарұлы

-Білер жырдың сырын да

Шапағаты мол әдем.

Ол өсірсе жылында,

Мен де сіздей болар ем.

-Алыбым деп ұлықта,

Жер – атасы күштің де.

Тұрғаныңды ұмытпа

Жүрегінің үстінде!

«Ән мен күй» (мысал)

-Бармасаң да сауға алып,

Аударылар жыр – тау да.

Басқа бір тілге аударып,

Біздерді болар шырқауға.

-Жел беріп біраз тіліңе,

Бұл сөзді салдың еске сан.

Бар әлем бізді тіліңе

Аудара алмас ешқашан!..

Көрмей қаппын, қап, әттең!

Сандыққа кеп жан – жақтан,
Біреулер қолын салыпты.
Соншама көп жаңғақтан,
Бес данасы қалыпты.
Түк қоймапты, қарашы,
Жаңғақ жеген қай бала? –
Деп Нұрматтың анасы
Сұрады одан жай ғана.
Жесе де Нұрмат нешеуін,
Бір солыңқы қабақпен:
-Қараңғыда бесеуін
Көрмей қаппын, қап, әттең!..

Тал мен терек

-Ашық айтам ойымды бұл,
Кішіпейіл болғайсың.
Өсіргенмен бойыңды бір,
Көкке тірек болмайсың.
-Түспе, талым, күйге бөлек,
Шындық болсын қайда да.
«Мырза терек үйге керк»
Деп ел босқа айта ма?

«Сөз мағынасын айыра біл» Асаутай Тұрғанбаев

«Жадырап келді жаз»
Осы сөзді қатесіз жаз,
Деді Жадыра інісіне.
Көптен мезі еткен
Кетті аязды қыс.
Пікірімді құптасаң,
Бір көзіңді қыс.
-Қазір досым, шаңқай түс,
Шөлдеген болсаң шай ішерсің, аттан түс.
Соғым болар семіз ат,
Ұстатпаса, мылтықпен ат.
Көп уақыт араздастық,
Кінәм болса кеш.
Деген бар «Ештен жақсы кеш».
Анау тұрған кафе – бар,
Қарның ашса сонда бар.
Балам, әрқашан көзіңе қара,

Біреудің жүзі жылы,
Енді бірінің іші қара.

Далада қалған біздің қой,
Лезде ауылға апарып қой.



14 – бөлім. Әзіліміз жарасса

Қожанасырдың ала қоржынынан

«Бір пұт мақта ауыр ма, темір ауыр ма?»

Қожанасыр бір күні шәкіртінен:

- Бір пұт мақта ауыр ма, немесе темір ауыр ма? – деп сұрапты.

Шәкірті ұстазының мұндай сұрауына ойланып:

- Әрине, екеуінің салмағы бір болса керек, - депті.
- Балам, сенің жауабың да дұрысқа ұқсайды, бірақ та бұл туралы әйелімнен сұрағанда, ол «темір ауыр» деп мені жеңген еді, - депті Қожекең.

Қожанасыр мен оқытушы

Қожанасыр мектепте оқып жүрген кезінде оқытушысы:

- Бір тәулікте неше сағат бар? – деп сұрайды.

Қожанасыр:

- Жиырма бес сағат болса керек, - депті.
- Жиырма төрт сағат емеспе? – деп жекіпті оқытушы сонда.
- Кеше «күн енді бір сағат ұзайды» дегеніңіз қайда, тақсыр? – депті оған Қожа.

«Теңіздің суы неге ащы»

Теңіздің суы неге ащы? – деп сұрапты біреу Қожанасырдан.

- Теңіздің суы барлық уақыт қозғалыссыз бір жерде тұрады, сондықтан ішіндегі балықтары шіріп кетпесін деп ата – бабаларымыз оны тұздап қойған, - депті Қожанасыр.

«Төрттен төртті алса неше қалады»

Оқытушы:

- Қожанасыр, төрттен төртті алса не қалады? – деп сұрапты. Қожа жауап бере алмайды.

Оқытушы:

- Мысалы, қалтаңда төрт теңге бар еді, сол теңгелер қалтаңдан түсіп қалды?
– депті оқытушы пысықтап.
- Не қалсын, теңге түсіп кеткен тесік қалады да, - депті Қожа.

15 – бөлім. Табиғат – анамыз

Табиғаттағы барлық жылу-күннен,
Өмірдегі барлық жылу-адамнан.

М.Пришвин

Табиғат лирикасы

Қазақтың бай табиғаты халық ақындары мен композиторларын әдеби-музыкалық суреттерді шырқауға шабыттандырды. Табиғат суреттері адамның шындық өмірімен оның ой-толғауларына, шаттығымен күйінішіне тығыз байланыста туды. Мысалы, халық әні»Айкөке» адамның жер анаға деген махаббаты мен қуанышын анық сездіреді:

Сырымбет биік асыр қатар кезең,
Жарасып таудан құлай аққан өзен.
Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,
Көк орай қайың мен тал-бәрі де әсем.

Табиғат лирикасының тағы бір әдемі үлгісі-«Япырай» әні. Бұрыннан авторының есімі белгісіз бұл шығарма қазргі кезде аты халқымызғақайта оралған тамаша ақын, жазушы, ұстаз Мағжан Жұмабаевтың әні деп танылды. Бұл әсем де назды әнде табиғат көркемдігі және туған жерін, жарын сағынғанадамның нәзік күйінішті көңіл-күйі бейнеленген:

Япырай

Жаз болса, жарқыраған көлдің беті-ай,
Көгеріп толқындайды, япырай, арғы шеті-ай.
Дірілдеп толқын басқан мөлдір бетін-ай,
Шайқайды жас баладай, япырай, желдің лебі-ай.



16 - бөлім. Жаз жайнатып



«Қара жорға» әні

Әні халықтікі, өлеңін жазған М.Тұрдақын, С.Қалиев

«Қара жорға» болмаса,

Бидің сәні келе ме?

Бүрмелі көйлек кимесе,

Қыздың сәні келе ме?

Қозсын барлық делебе,

Қан тарасын денеге.

Қара жорға болмаса,

Тойдың сәні келе ме?

«Қара жорға» - «Сап күрең»

Тарихын біл алдымен.

Бабалардан жалғасқан,

Тағылымы бар білем.

Жорғалаған күй майда,

Бұған жетер би қайда?

Ойнаңыздар жамағат,

Билеңіздер мұндайда.

Биле, биле жігіттер,

Жанып тұрған үміттер.

Шыққанынша тоқтама,

Маңдайыңнан тұнық тер.

Биле қыздар бұралып,

Сауық-сайран құралық.

Сұлулардың көркіне,
Тамсанып бір тұралық.
Ал, жігіттер, қыраным,
Алашқа айтар ұраным.
Сендерсіңдер қорғаны,
Мынау байтақ мұраның.
Көк байрағым желбіреп,
Қуантыңдар елді тек.
Шашу шашсын әжелер,
Жүректерді елжіреп.
Ғашық жандар тіл қатып,
Жүректерін жырлатып.
Қыз бен жігіт қосылып,
Билеу деген бір бақыт
Биле, биле, сұлуым,
Қандай ғажап күлуің.
Сыртылдасын саусағың,
Былқылдасын буының.



«Ақ тілегі атаның» өлеңі

Сөзі: Шалқар Әбіштікі

Әні: Заттыбек Көпбосынұлынікі

Сен қосылып немерем,

Кеңейді ғой керегем.

Әттең қолдан келмейді,

Айды алып берер ем, берер ем.

Қайырмасы:

Саған терді төгер ем,

Бар нәрсемді берер ем.

Оның бәрі аз десең,

Жан беруге көнер ем,

Сен аман бол немерем!

Ұрлап жатыр күн түнді,

Көп күттім мен бұл күнді.

Ешнәрсеге қимаймын,

Сенің таза күлкіңді, күлкіңді.

Қайырмасы.

Жатыр күлкің жаңғырып,

Жұртты естен тандырып.

Балғын тілің жүр менің,

Мейірімді қандырып, қандырып.

Қайырмасы.

Әжеңді де жұбаттың,

Қайғымызды уаттың.

Қартайғанда атаңды,

Жас баладай қуанттың, қуанттың.

Қайырмасы.



Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Каримов И. Жүзеге асырып жатқан реформаларымызды одан әрі тереңдету және азаматтық қоғам құру – жарқын болашағымыздың негізгі факторы. президент Ислам Каримовтың Өзбекстан Республикасы Конституциясының 21 жылдығына арналған салтанатты рәсімдегі баяндамасы. 2013 жыл 7 декабрь. Т.: “Өзбекстан” 48 б.
2. Өзбекстан Республикасы Президенті И. А. Каримовтың Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесі палаталарының қоспа жиналысында сөйлеген баяндамасы. «Мемлекетімізде демократиялық реформаларды одан әрі тереңдету және азаматтық қоғамды өркендету концепциясы». 2010 жыл 12 ноябрь. Т.: “Өзбекстан” 52 б.
3. Өзбекстан Республикасы Президенті Каримов И. Егеменділіктің 23 жылдығына арналған құттықтауы. “O‘zbekiston ovozi” газетасы. 2014 жыл, 1 сентябрь.
4. Өзбекстан Республикасы Президентінің “2004 – 2009 – жылдарда мектеп тәлімін дамыту Мемлекет жалпы ұлттық бағдарламасы туралы” 2004.21.05 RF – 3431 – санды Пәрмені. 8. Өзбекстан Республикасы Кадрлар дайындау Ұлттық Бағдарламасы мен Тәлім туралы Заңы. – Т.: 1997 жыл, 29 – август.
5. Каримов И. А. Жоғары руханият – жеңілмес күш. – Т.: «Руханият» 2008. – 176 бет.
6. Каримов И. А. Кемел ұрпақ үміті. Т.: «Шығыс» 1998. – 65 б
7. Каримов И. А. Күшті мемлекеттен күшті қоғамға қарай. - Т.: “Shar”. 1998. – 63 б
8. Каримов И. А. Бізден абат және азат отан қалсын - Т.: «Өзбекстан», 1994.
9. Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримовтың ПҚ - 2124 “Өзбекстан Республикасында жастарға тән мемлекет саясатын амалға асыруға қаратылған қосымша шаралар туралы” қаулысы. 2014 жыл 6 февраль
10. «Ден сау бала жылы» мемлекеттік бағдарламасы. 2014 жыл 19 февраль.
11. «Дені сау бала» жылы уәлият әкімінің Қ – 41 қаулысы. 2014 жыл 4 март.
12. Ғуломов М. 1 – 4 сынып. Ана тілі сабақтары үшін плакаттар комплексі. – Т.: «Эл - Холдинг», 2005.
13. Бала меніне бағытталған тәлім. 1, 2, 3 – модулдар. – Жалпы білім беру мектептерінің оқытушылары үшін оқу модулдары. Т.: «Жасырынбақ - плюс» баспахана үйі, 2013.- 147 б.
14. Темирзада, Ризоқулов Б. Заманалық жағдай тәлім сапасын өркендетеді// «Маърифат» - 3013. – 14 декабрь.
15. Исматова Н. Конституция – өркениеттің құқықтық негізі// Жалпы тәлім пәндері методикасы. – 2013. – 3 -4 бет.
16. Ғаффарова Т. Оқу сабақтары: 1- сынып: Оқытушылар үшін методик қолданба./Х. Ғұламова. – қайта өңделген екінші басылым. – Т.: «Tafakkur», 2011.- 208 б
17. Бурхонов С. 3 – сынып. Оқытушылар үшін методик қолданба./ - Автор. О. Худоеров, Қ. Норқулова. – Т. : “Sharq”. 2012. – 208 б.

18. Ғаффарова Г. Оқу кітабы.2 – сынып. Оқытушылар үшін методик қолданба./ - Автор. Нуриллаева Ш. – Т. : “Sharq”. 2012. – 144 б.
19. Йулдошев Ж. Ғ., Усманов С. А. Педагогик технология негіздері. О‘quv qo‘llanma.– Т. «Оқытушы». 2004.- 260 б
20. Ғаффарова Т. Бастауыш тәлімде заманалық педагогик технологиялар: Оқу қолданба. /– Т.: «Tafakkur», 2011. – 160 б.
21. Ғуломов М, Мирзахматова Ш. Оқытушы кітабы, 2 – сынып, Т.: «Шолпан», 2008.-265 б.
22. Йулдошев Ж. Ғ., Усмонов С. А. Педагогик технология негіздері. – Т.: «Оқытушы», 2004. – 255 б.
23. Умарова М, Хакимова Ш. Оқу кітабы, 3 – сынып үшін оқулық. –Т.: “Шығармашылық дүниесі” баспахана үйі, 2004. – 240 б.
24. М.Омаров, Ә. Исабаев. Оқу кітабы. 4 – сынып үшін. – Т. «Оқытушы», 2013. – 240 б.
25. Фузалов және басқалар. «Ана тілі». 3 – сынып үшін. Т.: «Оқытушы», 2007. – 287 б.

Интернет сайттар:

www.press-servis/.uz.

www.Gov.uz.

www.Google.ru

www.Edu.uz.

www.Ziyo.net.Uz

www.jahon.tiv.uz.

www.press-uz.info.

www.uzreport.com.